



ҮКІМЕТ ЕЛ
ЭКОНОМИКАСЫН
ҚАЛАЙ ӨСІРДІ?

2-бет



КОГДА
КОММУНИСТЫ
ПЕРЕСТАНУТ
УСТРАИВАТЬ
ПЛЯСКИ НА КОСТЯХ
МИЛЛИОНОВ?!

14-бет



Бекжігіт СЕРДӘЛІ:
БИЗНЕСКЕ
АЙНАЛҒАЛЫ БЕРІ
ЖӨНІ ТҮЗУ ӘН
ТУУДАН ҚАЛДЫ

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№35 (905) 21.09.2020 жыл



АБАҚТЫДА ОҚЫЛҒАН

Абай жырлы



ЖҮРЕКТЕГІ ЖЕТІМ ЖАС

немесе тағы да
Табылды Досым туралы

...Қарап отырсақ, әндегі, жырдағы ырғағы да, сол туындыларының пішіні де айрықша. Гитара шертісінде де өзге ешкіммен шатастырмайтын ерекше мәнері бар. Табылдыны ойлаған сайын үзік-үзік көріністер елестейді.

8-9
бет

Абай ескеркіші ашылған күні түсте қала әкімі Ислам Әбішев алыс-жақыннан келген құрметті қонақтарға Ертіс бойын аралатты. Үлкен ақ кемемен өзен бойлап жүзіп отырған қонақтар Шығыстың шырайлы табиғатына көз жеткізіп, таңдай қақты. Бұл бір ерекше жиын, өнер тойы болды. Қонақтарды жылы жаңбырмен қарсы алған Алтай аспаны сәлден соң нұрын шашып шыға келді. Ақ кемеде басталған алқалы жиын екі-үш сағаттан соң Ертістің ең әдемі жағасында жалғасты. Бұл жерде күн батқанша нағыз өнер тойы Ұлы Абайдың бүгінгі ұрпақтарының дарынын танытты. Әйгілі тарландарға жергілікті өнерпаздар да қосылып, Алтай аспаны айшықты ән мен жырға бөленді.



10
бет

Азат ПЕРУАШЕВ:

АҢҚАУЛЫҚ - ҰРЛЫҚҚА ЖЕЛЕУ

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДАРДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА «БӨЛУ»
ӨЗІН-ӨЗІ АЛДАУ МЕН ҚАРЫЗ ШҰҢҚЫРЫНА ӨЗ ЕРКІМЕН БАТУ

7
бет

КАК БЫ БАЙТУК НЕ ЗАЛОЖИЛ МАНДАТ ДЕПУТАТА МАЖИЛИСА В ПИТЕЙНОМ ЗАВЕДЕНИИ...

Внутрипартийный праймериз «Нур Отана» бросается в глаза большой активностью участников в социальных сетях. Кто во что горазд! Особенно отличился небезызвестный блогер «Б». Известный своей эпатажностью, Галым Байтук не расстался с «блогерской» лексикой и приемами даже нацеливаясь на депутатское кресло Мажилиса. При этом у него проявилось явное желание выслужиться перед новым хозяином – бывший акжоловец решил пнуть депутатов «Ак жола» из стана прямых конкурентов.

13
бет



БҮГІНГІНІҢ
БАУЫРЖАНЫ
ЕЛ АЛҒЫСЫНА
БӨЛЕНГЕН ЕЛ АҒАСЫ

16
бет

ҮКІМЕТ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ҚАЛАЙ ӨСІРДІ?

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет башысын қабылдап, биылғы қаңтар-тамыз айлары аралығындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есебін тындады.

Премьер-Министр сегіз айда қайта өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 3,3%-ға, оның ішінде машина жасау – 16,3%-ға, көлік құрастыру – 51,8%-ға, сондай-ақ фармацевтика – 34,1%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 11%-ға, химия өнеркәсібі – 3,1%-ға және дайын метал өнімдерін шығару – 18,8%-ға өскенін мәлімдеді. 2020 жылы Индустриаландыру картасы аясында, жалпы сомасы 996 млрд. теңге болатын 206 жобаны іске қосу жоспарланған. Бұл өндіріс көлемін 1,3 трлн. теңгеге, экспортты 325 млрд. теңгеге арттыруға және 19 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Құрылыс көлемі – 6,5%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру – 6,4%-ға немесе 8,1 млн. шаршы метрге артты. Жыл басынан бері 71 мың жаңа үй салынды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,6%-ға артық. Ауыл шаруашылығындағы тұрақты



өсім 4,9%-ды құрады, азық-түлік өндірісінің көлемі 3,6%-ға артты. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар аясында 874 мың адам жұмыспен қамтылған, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 82,1%-дан асады екен.

Асқар Маминнің айтуынша, Үкімет қабылданған шаралар нәтижесінде әлеуметтік маңызды тауарлар бағасының артуын 4,4% деңгейінде ұстап қалған. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда екі есе (8,7%)

төмен. Ал, сарапшылар биылғы алғашқы төрт айда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары 5,5 пайызға қымбаттағанын жариялаған-ды. Одан кейін баға өспесе түскен жоқ. Мына есепке қарасақ, түрлі деңгейдегі өндіріс орындарының жұмысын бірнеше ай бойы тоқтатуға мәжбүр еткен пандемия біздің ел экономикасына оң әсер еткен секілді. Тіпті, дамыған АҚШ-тың өзінде өндіріс 6,3%, өнеркәсіп өнімдерін шығару 5,4%-ға құлдырағаны ресми түрде айтылуда.

ЖҰРТҚА ӘНШІНІҢ ЖАНДЫ ДАУЫСЫ КЕРЕК

Мәжілістің кезекті жалпы отырысында палата төрағасы Нұрлан Нығматулин біздің әншілеріміз өнді жанды дауыспен айтқаны дұрыс деген пікірін білдірді.

Мәжілісте ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын таныстырды. Құжатта музыкалық шығармаларды орындаушылардың фонограммаларды қолдануы туралы көрерменді хабардар ету туралы норма енгізілген. Сонымен қатар, министр концерт, ойынауық іс-шараларын өткізу кезінде туындайтын бірқатар проблемалар бар екендігін жасырмады. Орындаушылар тарапынан концертте әдепсіз мінез-құлық көрсету, сахнаға мас күйінде шығу үрдісі орын алған, жоспарланған қойылымды бұзу, әдепсіз сөздері

бар репертуар тандау, көрермендерді хабардар етпей фонограмманы пайдалану фактілері болғанын ашық айтты. Заң жобасында орындаушылардың осындай мінез-құлық көрсетуіне жол бермеу үшін бірқатар міндеттемелерді енгізу арқылы осы мәселелерді реттеу көзделген.

«Меніңше, нағыз өнер ол – айтқысы. Айтқысы фонограммамен шығып көрінізші. Онда ешқашан, ешқандай фонограмма болмайды. Сол үшін шығар, халқымыз осы айтқысы жақсы көреді. «Қисық арба жол бұзады» деп халқымыз айтқандай, өнер әрқашан да таза болуы керек. Өнді жанды дауыста айтқан дұрыс. Ал фонограмма болса, онда оны алдын ала ескерту қажет және билеттің бағасы да соған сәйкес болуы тиіс. Одан кейін халық ол концертке баратынын не бармайтынын өзі шешеді. Әрине, концерт жанды дауыста болса әншіге халықтың бағасы да құрметі де жоғары болады», – деді осыған байланысты Нұрлан Нығматулин.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Қазақ тілді интернет ресурстардың дамуының өзекті мәселелері» тақырыбындағы онлайн сараптамалық кездесу өтті, – деп хабарлады «Қазақ үні» ақпарат агенттігі.

Жиынға Қазыбек Иса, Айдос Сарым секілді белгілі қоғам қайраткерлері мен еліміздегі бірнеше қазақ тілді интернет ресурстарының бас редакторлары қатысты. Қатысушылар сайт редакцияларының өз аудиториясын зерттеу, оқырманға әдеби-сараптамалық контент ұсыну, қазақ тілді интернет сегментінің дамуы, билік пен

қазақ қоғамының қатынасы секілді өзекті тақырыптарды көтерді. Кездесу барысында сөз алған қоғам қайраткері Айдос Сарым мемлекеттік тіл туралы заңның қажеттілігін айта отырып, қазақ тілді сайттардың қоғамдағы үлкен рөліне баса назар аударды.

– Tengrinews.kz сайтының оқырманы миллион болса да, қазақ қоғамына Қазыбек Исаның мақаласындай ықпал ете алмайды, – деді Айдос Сарым.

Қазақ тілді интернет ресурстардың дамуы мәселелерін кенінен қозғаған жиын өте тартымды да, тағылымды болды.



ШЫМКЕНТ – СПОРТШЫЛАР ШАҒАРЫ

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қаладағы бірқатар спорт нысанындағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Қала әкімі, алдымен, жеңіл атлетикалық спорт кешеніне барды. Аталған спорт нысанына жөндеу жұмыстары берілген. Жалпы аумағы – 4 946,6 шаршы метр. Қазір кешеннің сыртқы қасбеті жаңартылып, ішіне ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

Бұдан кейін қалалық №3 олимпиада резервінің мамандарына арналған жасөспірімдер спорт мектебінде болды. Қазір мектептің спорт залы және бассейні күрделі жөндеуден өтуде. Мұнда шәкірттерді спорттың

8 түрінен жарысқа дайындайды. Білікті жаттықтырушылар 800-ден аса олимпиадаға үміткер балалардың шеберлігін шындауда.

Қала әкімі сала басшысына салауатты өмір салтын қалыптастырып, жастар арасындағы спортты дамыту үшін барлық спорт мектептерінің әлеуметтік толық пайдалану қажеттігін айтты, нақты тапсырма берді. Айта кетейік, спорт нысандарындағы жөндеу жұмыстары «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша жүргізілуде. Шымкентте 856 спорт нысаны бар. Қала спортшылары 2021 жылғы XXXII Жазғы Олимпиада ойындарына қатысу үшін 4 жолдама ұтып алды. Бұл айтарлықтай көрсеткіш.

МИНИСТРЛІКТЕР БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН НЕГЕ ҚҰПИЯ ҰСТАЙДЫ?

Парламент Мәжілісінің депутаты Ирина Смирнова мемлекеттік органдардың, оның ішінде барлық министрлік бюджет ақшасының қалай жұмсалып жатқанын ашық жарияламайтынын айтты.

«Барлық мемлекеттік органдар заң бойынша өз бюджеттерін, яғни мемлекет бөлетін барлық қаражат туралы мәліметті толық көлемде жариялауға міндетті.

Мысалы, мектепке компьютер алуға ақша бөлінген-бөлінбегені туралы сұрақ қойылады. Иә, ол үшін ақша бөлінеді және оны ашық бюджет картасынан көруге болады. Бюджет ақшасы – біздің ақшамыз. Бұл қаражаттың барлығы тиімді жұмсалуды керек. Оның қаншалықты тиімді жұмсалатынын біз ашық бюджеттер картасынан көруге тиістіміз», – деді Ирина Смирнова «Astana - adaldyk alany» жобасында берген сұхбаты барысында. Оның

пікірінше, қаражат тиісті жерге жұмсалмаған жағдайды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі немесе басқа да тиісті органдарға хабарлануы керек. «Мемлекеттік органдар өз бюджетін жариялау туралы заңды орындауы керек. Мысалы, Қаржы министрлігі бюджетіне қатысты ақпаратты жариялайды. Басқа министрліктер мұндай мәліметті жарияламайды. Біз осы заңның орындалуын қамтамасыз етуіміз керек», – деді ол.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Мемлекет басшысының жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасы аясында БҒМ тиісті шараларды қабылдай бастады.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті 25 жоғары оқу орнының кадрларды дайындау бағыттары бойынша лицензиясына 60 қосымшасын қайтарып алды.

Негізінен бұл ЖОО-лар «Педагогикалық ғылымдар», «Өнер», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары», «Техника ғылымдары», «Қызмет көрсету» және «Әлеуметтік жұмыс», «Әлеуметтік ғылымдар» бағыттары бойынша кадрлар даярлауға қатысты.

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша ЖОО-лар нормативтік құқықтық актілерді сақтамағаны анықталды. Олқылықтарға негізінен тарапкерлерді анықталды. Олқылықтарға негізінен құрамының біліктілігін арттыру, конкурсы арқылы алмастыру, оқу жүктемесін жоспарлау, білім алушыларды қорытынды аттестаттау, диплом бланкілерін есепке алу бойынша жол берілген.



ШЕТЕЛ АСҚАН АҚША ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қазақстанға Швейцариядан 390 миллион теңгеден астам қаражат қайтарылды, деп хабарлады ҚР СІМ баспасөз қызметі.

«2020 жылғы 14 қыркүйекте Швейцарияның Федералдық билігі «Қорғас ісі» бойынша ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастық мүшелері жымқырып, шетелге шығарған 390 млн. теңгеден астам қаражатты Қазақстанға қайтарды» делінген хабарламада. Аталған қаражат 2012 жылдан бері халықаралық іздеуде жүрген қылмыстық ұйымдасқан топтың шетелдік компанияның Швейцария банкіндегі шотында болған. Швейцариядан Әбдіралиевтің қылмыстық активтерін қайтару бойынша жұмыс 2018 жылдан бері жүргізілген. Бұған дейін 2019 жылы осы іс бойынша мемлекет кірісіне Швейцариядан 140 млн. теңге қайтарылған болатын. Осылайша, осы іс бойынша Швейцариядан мемлекеттік бюджетке шетелден қайтарғанды қайтару бойынша жұмыс шеңберінде түскен қаражаттың жалпы сомасы шамамен 530 млн. теңгені (1,3 млн. АҚШ долларынан астам) құрайды. «Қайтқан малда қайыр бар» деген екен атамыз қазақ. Ұрланып қайтарылған қаржының қарапайым халыққа қайыры тисе болғаны.

Жас ұрпағы салауатты өмір сүруді әдетіне айналдырған елдің болашағы зор, әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси ахуалы қалыпты болатыны белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өз Жолдауында жас ұрпақ мәселесіне назар аударды. Соған орай, үшінші мегаполистегі жас ұрпақты салауаттылық өмірге әдеттендіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы Шымкент қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Жұлдыз Шұхратқызы Балтабаевамен сұхбаттасқан едік.



— Президент 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялады. Орталық осы бағытта қандай жұмыстар атқаруда?

— Жыл басынан бастап волонтерлар «Жанға жылу» қайырымдылық акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қарияларға 1400 себет тұрмысқа қажетті азық-түлік өнімдерін үлестірді. «Sabaqtastyq» бағытында №4, №3 балалар үйінде 25 акция, 80 азық-түлік себеттері таратылып, аниматорлардың қатысуымен мерекелік кештер ұйымдастырылды. «Qatqog», «Sauluq» бағытында ардагерлер үйі мен дағдарыс орталықтарында 15 кездесу, ардагерлер үйінде сенбілік шаралары, мерекелік кештер мен 80 ардагердің қан қысымын өлшеу шаралары бойынша арнайы жұмыстар жүргізілді.

Елдегі төтенше жағдайға байланысты «Шымкент волонтерлар қауымдастығының» 9 волонтерлық ұйымы бірлесіп әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қарияларға 5000-нан астам тұрмысқа қажетті азық-түлік өнімдері себетін үлестірді. Мақтарал ауданына төтенше жағдайдан зардап шеккендерге қажетті заттар, азық-түліктер мен балаларға ойыншықтар, төсек орындарын жеткізуге көмектесіп, Шымкент қаласының кәсіпкерлері тарапынан 4000 адамға қажетті аяқ-киім мен спорттық киімдер, 200 дана жеңілден 150 дана әйелдерге арналған көйлек, шалбарлармен қамтамасыз етілді.

Карантин жағдайында қоғамды сабырлыққа шақыру, коронавирустың сақтану және таралуынан алдын алу мақсатында әлеуметтік 8 бейне ролик пен 20 түрлі электронды флаер дайындалып, әлеуметтік желілерге (Facebook, Instagram), ақпараттық порталдарға (shymkent.online, AKO.kz, akimat_shymkent, dudoser, adiletv.kz, resurstyq_ortalyq және т.б.) жарияланды. Сонымен қатар, «NurOtan» партиясы Шымкент қалалық филиалы «JasOtan» жастар қанатының белсенділерімен бірге 500-ден астам аз қамтамасыз етілген отбасыларға, көпбалалы аналарға, қарияларға азық-түлік, медициналық батылдарды енгізілген жарысайық» қайырымдылық қорының волонтерларымен 300 отбасыға көмек алуға байланысты бағыт-бағдар беріліп, 180 отбасына 1 тонна тауық еті таратылды. Ораза Айт мерекесінде халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын қолдау мақсатында 1000-ға жуық мұқтаз отбасыға азық-түлік жиынтықтарымен көмек көрсетілді.

лікті игеруі, мамандық меңгеруіне байланысты не істеліп жатыр?

— Жастарды тұрақты жұмысқа орналастыру мақсатында «TO LOOKFOR JOB» жобасы арнайы жұмыс берушілермен келісілген бос жұмыс орындары Орталығымыздың Instagram парақшасында жариялануда. Жоба барысында («Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы», «ForteBank», «Семирамида» тигін фабрикасы, «ADAL MED KZ» жеке клиникасы және т.б.) 14 жас тұрақты жұмыспен қамтылды.

Жастарды жұмыспен қамту, жас мамандарды жұмысқа орналастыру бойынша TOP - 25 үздік кәсіпорындармен меморандумға

— Негізі, біздің Орталықтың атқарып жатқан жұмыстарының барлығы да қала жастарына салауатты өмірді насихаттау деуге болады. Жоғарыдағы атқарылған жұмыстарымыз арқылы да белсенді жастарымыздың нақты істерімен салауатты өмірді насихаттап, өнеге көрсетіп отырмыз. Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, қоғамдық өмірге тарту мақсатында Шымкент қаласы сауда орындары арасында 2020 жылғы қантар айынан бастап кіші футболдан 20 турнир ұйымдастырылып, турнирге 1000-ға жуық жас қатысты. Турнир жыл бойы түрлі санаттағы жастар арасында жоспарлы түрде ұйымдастырылып тұрады.

Кикбоксингтен Әлем чемпионы — Ғалымжан Қанаев және т.б. спортшылармен арнайы видео-ролик түсіріліп, жастарға әлеуметтік желілерде насихатталуда.

— Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеніз...

— Алдағы жоспарымызда басты күш рухани-мәдени шараларға қатысатын жастардың санын арттыруға, сондай-ақ жастардың аймақтағы ауқымды іс-шараларға белсенді қатысуына бағытталады.

Жастар арасында отандық IT өнімдерін, жаңа компаниялар мен мамандарды даярлау, цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында заманауи «IT

САЛАУАТТЫЛЫҚ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМҒА АЙНАЛУЫ КЕРЕК

Шымкент волонтерлары көпшілік орындар мен көшелерде, қоғамдық көліктерде бетпердемен жүруді насихаттау, қала тұрғындары арасында қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында демеуші фармацевтикалық ұйымдардың 5 мың, «Mega-pharma» ЖШС-ның демеушілігімен 20 мың, басқа ұйымдармен бірлесіп барлығы 1 057 000 медициналық бетперде таратуға үлес қосты.

— Жастармен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыстарды тарқатып айтсаңыз...

— Қазіргі таңда жастарға түрлі танымдық, рухани-адамгершілік, спортты насихаттау, діни сауаттылықты арттыру бағыттарында «Жастар және дін», «Жанданған ата кәсіп», «20 және 1 сұрақ», «Өзіндік жен», «Волонтер күнделігі», «Еркін пікір», «Сенің жаңа қырың» тақырыптарында арнайы бағдарламалар тұрақты ұсынылып отыр. Сонымен қатар, офлайн форматта «IQ жастар» интеллектуалды бағдарламасы, «Insta-дебат» ойындары, «BookCLub» кітап құмарлар клубы, «Жастар онлайн» телевизиялық бағдарламалары жүзеге асырылуда. Жастарды қызықтырған сұрақтарына жауап беру және сұраныстарын қанағаттандыру онлайн-эфир ұйымдастырылды. Танымал өңшілердің қатысуымен 10-шақты онлайн-концерттер өткізілді.

Қала жастарының белсенділігін арттыру және карантиндік режимде уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізуге арналған бірнеше конкурстар: «Фото аңшылық», «Үйде не істедің?», «Үйде бірге оқиық!», «Сарқыт-тіме», «Мастер пера», «Елорда төрінен естелік» сынды 7 500 жасты қамтыған байқаулар өткізілді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық және Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өтуге бағытталған көркемсөз оқу шеберлерінің өлеңдері орталықтың әлеуметтік желілерінде 10-нан астам арнайы видео-роликтер жарияланды, сондай-ақ, «Тұлғатану» айдары бойынша апта сайын тарихи тұлғалар туралы қызықты деректер ұсынылады.

— Жастардың жұмыссыздығымен күрес, олардың кәсіпкер-

кол қойылып «PROFESSIONAL» жастарды жұмыспен қамту, тағылымдамаға бағытталған жастардың кем дегенде 50 пайызын жұмысқа тұрғызуға ықпалы ету мақсатында жұмыстар іске асырылуда. Екіжақты меморандум нәтижесінде «Отырар ТВ», «ForteBank», «Әлем БТ» және т.б. кәсіпорындарында 20-дан астам жас тағылымдамадан өтуде.

Бүгінгі таңда жобалық іс-шаралар танымал бола бастады. Болашақ және бастамашылар жастар үшін бұл әрекет өмір салтына айналады. Осыған байланысты өз идеяларын әлі іске асыра алмаған талантты кәсіпкерлерді шұғыл қолдау қажет екенін ескере отырып, жастарды кәсіпкерлікке тарту - идеядан сәтті бизнеске дейін жету жолдары, перспективалық бизнес-идеяларды сүйемелдейтін іс-шаралар жүйесі ұйымдастырылуда. Алға қойылған мақсаттарға жету жолында орталық жанынан жастар бастамаларын қолдау, оларға жан-жақты білім беру, кәсіпкерлікке баулу және өз кәсіптерін ашуға мүмкіндік беретін «Табысты START

UP: кәсіп ашуға 8 қадам» атты арнайы кәсіпкерлікке оқыту жобасына 40 жас қатысып сертификат алды.

«БОЛАШАҚ» мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру жобасы бойынша мектеп бітіруші оқушыларға қаламыздың ірі кәсіпорындарына видео экскурсия түсірілімдері жүргізіліп әлеуметтік желілерде жариялануда және мамандық таңдау бойынша онлайн сұхбат жүргізілуде.

Жас отбасылармен жұмысты қамтамасыз ету және жастардың отбасы өміріне дайындалуына жәрдемдесу мақсатында «Жас отбасы» жобасын жүзеге асыру жоспарлануда. Жоба барысында жас отбасылар мен отбасын құруға ниетті жастарға қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, отбасындағы агрессияның себептерін зерделеу, отбасылық қолайсыздық салдарын түсіндіруге бағытталған тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі оқыту шаралары бойынша 10 мың жасқа арналған семинар-тренинг жүргізілді.

— Жастарға салауатты өмір салтын насихаттауда қандай жұмыстар атқарылуда?



Жастардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында Әл-Фараби, Қаратау, Абай және Еңбекші аудандарының шалғай елді мекендерінде шахмат, тоғызқұмалақ ойындарынан жарыстар ұйымдастырылып, 500-ге жуық жас қатысты.

Салауатты өмір салтын белсенді және дәйекті түрде насихаттау, жастардың спортқа тарту үшін жағдай жасау да маңызды бағыт болып табылады. Жастар арасында өз денсаулығына ортақ жауапкершілік қағидасын дамыту қажеттілігін ескере, елімізде орын алған карантиндік уақытта онлайн форматта: зияткерлік, Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, Жасөспірімдер олимпиадасының чемпионы Жазира Жаппарқұл, Тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлемнің 2 дүркін чемпионы Элеминия Лина, жасөспірімдер «ФК Арлан» футбол клубының негізін қалаушы, «SETANTA CUP 2019» жеңімпазы, кәсіби киберспортшы Арман Пірманов және т.б. спортшылармен кездесулер ұйымдастырылды.

Жастарды өмірдің кез келген қиындықтарына төзуге үйрету, ынтықтандыру, белгілі бір мақсат үшін ояту, өмір сүруге деген құлшыныстарын қоғамнан, қоршаған ортадан алуға үйрету мақсатында бокстан 2013 жылғы Әлем чемпионы — Біржан Жақыпов, таеквондодан 2018 жылғы командалық Әлем чемпионатының қола жүлдегері — Ерасыл Қайырбек, ALASH PRIDE тұжырымынан К1 бойынша Азия чемпионы,

CAMP» жобасы аясында жұмыс жалғасады. Кез келген жас IT саласы бойынша білімін жетілдіріп, жаңа стартап жобалары мен тың идеяларын ұсына алады. Жастардың жобаларына инвесторлар тарту арқылы өз кәсібін ашуға мүмкіндік қарастырылып, «Python» бағдарламалау курсымен 200 жасты оқытып, тәжірибелендіріп 3 үздік жобаға қаржылай грант беру жоспарлануда.

Сондай-ақ, жастар бастамаларын қолдау үшін 18-28 жас аралығындағы жастардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін арттыру мақсатында «Ұлттық жобалар байқауы» қаламыздың әлеуметтік жағдайының жақсаруын қамтамасыз ететін, өмір сүру ортасын жақсартуға бағытталған нақты әлеуметтік жобалар, халыққа, оның ішінде жастарға әлеуметтік қызмет көрсету бойынша 100 жаңа идея бастамасын қалыптастырып, жастардың 5 инновациялық жобасына 2,5 млн. теңге көлемінде гранттық қаржы беру іске асырылуда. Қаламыздағы волонтерлардың орталықтандырылған базасын жасау үшін «Жастар ресурстық орталығы» КММ-і жанынан сыйымдылығы 50 адамға арналған «Coworking» орталығын ашу жоспарлануда. Мақсат — салауаттылықты жастардың өмірлік ұстанымына айналдыру.

— Әңгіменіңізге рахмет.

Аманғали ӘБУОВ,
Шымкент қаласы

– Құрметті Абзал Шымкент-байұлы! Біраз уақыт бұрын біз осы тақырыпта Еңбекші ауданындағы әріптесіңіз Ғалымжан Молдабайұлымен кеңінен әңгімелескен болатынбыз. Шымкент қаласы Қаратау ауданының әкімі ретінде сіздің пікірлеріңізді де білсек деген ойымыз бар. Ендеше, сыбайлас жемқорлық дегеніміз не, оның негізгі ұғымдары мен белгілері қандай?

– Кез-келген әлеуметтік құбылыс секілді сыбайлас жемқорлыққа да нақты анықтама беру мүмкін емес секілді. Алайда, Сіз бен бізге жақсы таныс «сыбайлас жемқорлық»

ралары ұйымдастырылып келеді. Ол еліміздің көптеген бағдарламалық құжаттарында негізге алынатын басымдықтар ретінде айқындалған.

Бұл жұмыстағы жүйелілік 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қамтамасыз етуге бағдарланған. Аталған стратегия мемлекеттік саясаттың жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттердің негізгі бағыттарын айқындайтын және оған қарсы іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік шаралар жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Стратегияның қабылданудағы



Абзал ӘЛІҚҰЛОВ,
Шымкент қаласы, Қаратау ауданының әкімі:

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕ САТҚЫНДЫҒЫ

деген түсінік мағынасына тікелей тоқталсақ, алдымен ойымызға «параға сатып алу», «пара» сөздері арқылы анықтауға болатын ықтимал мүмкіндіктерді көреміз. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі – лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық мен сатқындық танытуы. Осы орайда, біз оған берілетін анықтаманың негізінен құқықтық саламен байланысты екенін аңғарамыз. Жалпы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің қоғамда әртүрлі салада орын алып жүргендігінен хабардармыз.

Ал, нақтырақ қолданыстағы Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлық дегеніміз – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың лауазымды қызметтерін өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы болып табылады.

– **Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері мен залалдары туралы ойларыңызбен бөліссеніз?**

– Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы – бұл алдымен кез-келген мемлекетке қаржылық нұқсан келтіреді әрі мемлекеттік биліктің беліне залал келтіріп, қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік тұрғыдан құлдыратуға алып келетіндігі анық. Жемқорлықтың пайда болуының себептері қатарын әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырылған, құқықтық сипаттағы мәдени-этикалық сипаттар және факторлар жіктелімі құрап отыр. Сондықтан да аталған себептердің әрқайсысымен алдын ала күрес жүргізу әрбір азаматтың басты міндетіне айналуы тиіс деп ойлаймын.

– **Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия қабылданған – не үшін деп ойлайсыз?**

– Елімізде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жою бойынша халықаралық стандарттарға сай күрес ша-

басты мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Бүгінде елімізде стратегияның қабылдануымен көптеген сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмау және қарсы күресу шараларын ұйымдастырудың тиімділігі қалыптаса білді. Дегенмен, түрлі салаларда жемқорлықтың жойылмауы бізге әлі де стратегия аясында жұмыстарды жеделдетуді меңзеп отыр.

– **Өз қызметіңізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай іс-әрекеттерді жүзеге асырдыңыз?**

– Шымкент қаласы Қаратау ауданы әкімі ретінде біз 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шара жоспарына сәйкес, құзырлы мекемелермен бірлесіп тиісті жұмыстарды ұйымдастырылуда. Оның ішінде: семинарлар, құқықтық сабақтар өткізілді. Сондай-ақ, қызметкерлерге арнайы бейнероликтер мен ақпараттық парақшалар таратылды.

Қазіргі таңда елдегі төтенше жағдайға байланысты аудан әкімі аппаратында қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмау мақсатында заң аясында түсіндіру жұмыстары жиі ұйымдастырылуда.

– **ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы айтылған сөздеріне тағы не қосарыңыз бар?**

– Мемлекет басшысының ағымдағы жылдың 19 тамызында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес барысында берілген тапсырмаларын жүзеге асыруда заңнамалық және ұйымдастыру шараларын уақтылы қабылдау қажеттігін айтты. Сондай-ақ, жемқорлық әрекеті үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қызметтерінен босату институтын енгізу, нормативтік-құқықтық актілерді сараптамадан

өткізуді қайта қалпына келтіру, мемлекеттік қызметшілердің кіріс-шығыс декларацияларын жариялау жауапкершілігі жөніндегі шаралардың маңыздылығын назар аудару қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау – біздің міндетіміз. Алдағы уақытта тек жемқорлықтың алдын алу шараларын күшейту мақсатында сапалы жұмыстар жүргізетін боламыз.

– **Қанша күш жұмылдырсақ та, біз неге сыбайлас жемқорлықты жеңе алмай келеміз?**

– Біз жаңа қоғамды өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – жемқорлық. Елімізде осы мәселеге арнайы қалыптасқан жағдайлар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, өкінішке орай бұл мәселе әлі толық шешімін таппай келеді. Жемқорлық әрекеттерінің бұлай белең алуы – бұл біздің қоғамдағы жауапкершіліктің төменгі деңгейде қалыптасуы деп ойлаймын.

– **Сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою үшін қандай шараларды қолға алып, іске асыру керек?**

– Меніңше, жемқорлық әрекеттерін жоюда азаматтарымыздың құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілігін арттыру керек секілді. Әр адам өзінің азаматтық жауапкершілігін қалыптастырып, өз саласында адал қызмет атқаруы қажет. Қоғамда азаматтарымыздың адалдығы мен жауаптылығын арттыру арқылы біз қуатты әрі жемқорлыққа жол бермейтін мемлекетті қалыптастыра аламыз.

– **Қазақ елінде сыбайлас жемқорлыққа қандай қылмыстар жатады?**

– Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Атап айтсақ, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, лауазымды

адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

– **Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін не істеуіміз керек, қандай жолдар бар?**

– Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мемлекет тарапынан ең тиімді деген әдістер қолданылып, жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шаралар мен озық жобалар жүргізілді. Дегенмен, жемқорлық әрекеттерін түбегейлі жойылмай келе жатқаны бәрімізге мәлім.

Меніңше, бізге көбірек өз ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық тәрбие мектебіміздің әдістерін енгізіп, оның насихатталуын жүзеге асырсақ, қоғамымызда мұндай қылмыспен егіз жемқорлық дерті туындамас еді.

Жалпы қоғамда парасаттылық жүйесін мәдениет қалыптастыруға қарсы іс-қимылдың қалыптасуына жүйелі қолға алу қажет. Себебі, парасатты қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік әрбір адамның ішкі нанымына, ойлауы мен мінез-құлқының негізіне айналады.

Ал, мәдениет пен парасаттылық – бұл біздің халқымыздың отбасы тәрбиесіндегі басты қаруы екенін ұмытпауға тиіспіз.

– **Олай болса, өзіңіз басқаратын ұжымда сыбайлас жемқорлықпен күрес қалай жүріп жатыр?**

– Жоғарыда баяндап өткендей, ұжымда үнемі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады. Қаратау ауданы әкімдігі қызметкерлерінің басымы бөлігін орта буын мен жастар құрайды. Әрбір қызметкеріміз: орта буын өз тәжірибесін, жас мамандарымыз жігерлерін елге үздіксіз қызмет етуге арнап жүр. Сондықтан, еңбек жолында барынша парасатты әрі адал қызмет ету – біздің ұжым қызметкерлерінің ұраны деп айта аламын.

– **Керемет! Ал, егер қарама-ғыңыздағы қызметкер сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартыла берсе, сіздің әрекетіңіз қандай болмақ?**

– Бүгінге дейін Қаратау ауданы әкімі аппаратында мен басшылық

еткен кезден және маған дейін басшылық еткен әкім кезеңінде де сыбайлас жемқорлық әрекеттері орын алмаған. Себебі, алдын алу шаралары тұрақты ұйымдастырылып келеді. Егер Сіздің сауалыңызда меңзегендей жемқорлық әрекеттері орын алған жағдайда, мен жемқорлық әрекетінің алдымен пайда болу себебін анықтап, заңсыз әрекетке жол берген қызметкер жайлы құзырлы мекемелерге хабарлаймын.

– **Ал, егер тікелей басшыңыз сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылса, не істер едіңіз?**

– Жалпы қызмет барысында кез-келген сыбайлас жемқорлыққа менің тарапымнан әрекеттің барлығы тек заң шеңберінде ғана болмақ.

– **«Қызметке орналасу үшін бірдеңе беру керек» дегенді қалай түсіндіресіз?**

– Меніңше, бұл өзіне сенімсіз тұлғалардың әрекеті. Әрі сондай тұлғалар қалыптастырған стереотип деп ойлаймын. Тікелей маған қатысты жағдайды алсақ, жалпы еңбек жолында ешқашан мұндай әдістің қолданылатынын білмегенмін әрі ешқашан қолданбағанмын деп толық сеніммен айта аламын.

– **Өз өміріңізде біреуге пара беріп, біреуден пара алып көрмедіңіз деп отырсыз – неге?**

– Мен өз еңбек жолымды мемлекеттік қызметпен байланыстырғандықтан, менің басты мақсатым – адал қызмет ету, адамдық құндылықтарымды берік ұстану, азаматтық жауаптылығымды биік ұстау. Мен үшін «пара беру, пара алу» түсініктері сатқындықпен бірдей ұғым және пара беру де, пара алу да – пайдалы болмайтын үлкен қылмыс.

– **Сыбайлас жемқорлықпен күрес сәтті жүзеге асу үшін біздің заңнамамызда көзделген жауапкершілік жеткілікті ме?**

– Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңімен жүріп келеді.

Елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда. Оның негізі – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдар болып табылады. Бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды атқаратын уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес сәтті болу үшін біздің заңнамамызда көзделген жауапкершілік жеткіліктілігінен бұрын, азаматтарымыздың жауапкершілігін алдымен нығайтуымыз керек. Себебі, кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ көтер ұрпақ алдында еңсеміздің бек келерімізді жүруі үшін, жемқорлық індетімен белсене күресуде жауапкершілігімізді арттыру аса маңызды.

**Сұхбаттасқан
Әсет ӘССАНДИ,
Шымкент қаласы бойынша
Арнайы мониторингтің топ
жетекшісі,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі**

Казахстан – страна контрастов и нереализованных возможностей. Например, в рейтинге лучших стран для воспитания детей Казахстан занял последнее, 73-е, место. Об этом сообщила аналитическая служба Ranking.kz. С образованием тоже ситуация плачевная. В рейтинге лучших стран для образования Казахстан оказался на 70-м месте из 73, расположившись между Ливаном и Мьянмой. Странами с лучшей системой образования признаны США, Великобритания, Канада, Германия, Франция.

РК: ИЗ-ЗА РОСТА РЕЛИГИОЗНОСТИ – СНИЖЕНИЕ УРОВНЯ ОБРАЗОВАНИЯ

О СВЯЗИ РЕЛИГИОЗНОСТИ С УРОВНЕМ ОБРАЗОВАНИЯ

1 сентября в РК не открыли школы не только из-за эпидемиологической ситуации, но из-за нехватки учебных мест и учителей – многие школы у нас переполнены. В школе, рассчитанной на 1200 учащихся, могут учиться 2-2,5 тысяч детей, в классах могут по 40-45 человек при норме в 25.

Сейчас санитарные нормы требуют, чтобы в классах было по 15 учеников, поэтому дополнительно потребуются помещения и преподаватели, а у нас и раньше была нехватка.

Всемирный банк также провел исследование сферы образования в странах Центральной Азии. По его данным, если до пандемии от своих европейских ровесников на полтора года, то после дистанционного обучения этот разрыв увеличился еще на полгода.

А в это время в Туркестанской области Казахстана по инициативе властей Узбекистана планируется построить мечеть на 5 тысяч прихожан. В комплекс также войдет здание для проведения обрядов, планируется построить конгресс-холл, медресе на 180 мест, библиотеку, столовую, спортивную площадку и автостоянку.

В Алатауском районе Алматы на средства частных инвесторов возводится новая мечеть на 7 тысяч верующих. По данным акимата, мечеть будет расположена на пересечении проспекта Рыскулова и улицы Момышулы. Общая площадь составляет 6,3 гектара, а площадь здания 16 тысяч квадратных метров. Культурное сооружение станет самым большим в городе.

И в этом году самую большую мечеть в Центральной Азии начали строить в Нур-Султане. Главная мечеть города расположится на участке 9,4 га. Общая площадь здания – 57 тысяч кв. м. Высота минаретов составит 130 м. Диаметр главного купола – 62 м, его высота – 88,2 м. Ожидается, что в молельных залах и дворе одновременно смогут поместиться около 30 тысяч человек. Это в 3 раза больше, чем в «Хазрет Султан» в Нур-Султане (построена в 2012 г.), крупнейшей в стране мечети.

Иными словами, в Казахстане идет рост религиозности населения. Строительство новых крупных мечетей – свидетельство этому процессу. В то же время образование (и наука) переживает не лучшие времена, идет значительное снижение его уровня, что отметили и зарубежные эксперты.

У нас не проводится исследования о связи религиозности с уровнем образования. А эта связь определенно прослеживается на примере многих стран мира.

Зарубежные исследователи доказывают, что разумная политика светских правительств гораздо важнее для процветания общества, чем массовая религиозность населения. За редким исключением большинства развитых стран – светские.

Не говоря о том, что развитие экономики и страны в целом напрямую связаны с уровнем образования и науки, а не с уровнем религиозности. И, наоборот, в большинстве стран с высокой степенью религиозности наблюдается низкий уровень развития. В этом плане показателен опыт африканских государств с их религиозностью.

Могут возникнуть, что у нас мечети построены не на бюджетные деньги, а на средства спонсоров. Об этом и речь – даже внимание и средства спонсоров обращены в сторону религии, а не на образование и науку. Ведь за рубежом многие учебные и научные заведения, проекты финансируются частными организациями. У нас же и государство, и частные спонсоры оставили науку без внимания, редкий спонсор построит школу.

На начало 2018 г. у нас насчитывалось около 3600 (!) мечетей, 84 из которых пустовали (результат беспорядочного строительства). Возьмите любой бедный аул: нет ни дома культуры, ни спортивного зала, ни больницы, ни библиотеки, одна старая школа, зато в самом центре – новая мечеть!

ИМАМЫ УЧИЛИ МУЖЧИН БИТЬ КАМЧОЙ СВОИХ ЖЕН

Религия стала влиять и на семейные, гендерные отношения. Наши имамы призывали написать петицию и собирать подписи в поддержку хиджабов в учебных заведениях, учили мужчин бить камчой своих жен, чтобы не оставлять следов, покрывать головы маленьких девочек, проводили обряд «некекию» без официальной регистрации брака и т.д.

Участились и разводы по исламским законам, когда муж дает развод жене одним только словом «талак» («развод»), и брошенная семья остается без алиментов, потому что не было официальной регистрации брака. По публикациям в СМИ, таким правом пользуются и сами имамы. От них не отстают и некоторые чиновники. Не говоря о заматании, науки, культуры, литературы. Такие тенденции будут усиливаться, если государство будет безучастным.

В СМИ писали, что набирают обороты элементы «священных браков» («бауырласу»): девушки выходят замуж за представителя радикальных течений ислама, затем их мужья, произнося слово «талак», разводятся с ними и передают их своим друзьям. После этого девуш-



ка снова выходит «замуж» и схема повторяется. В результате «боевая подруга» может родить детей, не зная от кого ребенок.

Ислам действительно разрешает бить жену в том случае, когда она ослушивается мужа и не повинуется ему без уважительной причины. Во многих мусульманских странах нет законов против бытового и сексуального насилия.

Имамом может стать только мужчина, и этим многое сказано. При чтении молитв в мечетях, похоронах женщины не могут быть вместе с мужчинами.

В мусульманском обществе женщина поставлена в неравное положение по сравнению с мужской традицией. Согласно мусульманской традиции, жена полностью подчинена мужу. Основная роль женщины сводится к семье, воспроизводству потомства и уходу за детьми, в то время как роль мужчины заключена в финансовой поддержке семьи. Если женщина проявит желание, то она может получать образование, работать и т.д., но только с согласия опекуна.

В Саудовской Аравии женщины не имеют права водить автомобиль без разрешения мужчин, а до недавнего времени они вообще не имели права водить машину. Без разрешения мужчины женщина не может выйти замуж, путешествовать, лечиться и полужать образование.

У нас появилась неизвестная ранее потребность в «богоискательстве», которое довело дело до «чистого» или «арабского» ислама, а это уже ревизия и конфликт с традиционным укладом и «степным» исламом.

Соответственно меняется место женщины в семье и обществе. Укутанная в длинное покрывало женщина не должна учиться в вузе, работать вместе с мужчинами, заниматься общественной работой, политикой, искусством и т.д. Как результат идеологической обработ-

ки – отъезд казашек с семьями или без семьи в Сирию, чтобы жить по законам шариата и халифата.

КОНФЛИКТ «ЧИСТОГО» ИСЛАМА С ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРОЙ

В отличие от других оседло-земледельческих мусульманских регионов, у кочевых казахов постулаты мусульманского права не развилось образ жизни и стиль мышления кочевников-казахов.

Например, у нас толерантный «степной» ислам органически сосуществовал с тенгрианством, с традиционной культурой и образом жизни; в условиях кочевой жизни мечети было мало – они были в городах. В течение веков между ними был достигнут удачный симбиоз, без войн и потрясений многие элементы тенгрианства, доисламские обычаи, особенности образа жизни вошли в «степной» ислам, в том числе вера в Аруахов, почитание предков, природы, свадебные, погребальные обряды, открытое лицо женщин и др.

В казахском обществе шариат, по сравнению с адатом, не получил доминирующей роли. Особенности кочевого уклада жизни накладывали отпечаток на духовную жизнь, на отношения полов, регламентацию общественных отношений.

Женщины у казахов в отличие от мусульманок-ортодоксов соседних народов были более свободны. Не было принято закрывать лица, носить паранджу. Жизнь в юрте, где не было «мужской» и «женской» пиши вокруг круглого дастархана говорили о равноправии мужчины и женщины.

Корни национальной музыки, эпоса, устного народного творчества, изобразительного искусства, архитектуры, одежды и т.д. имеют доисламское происхождение. И

они не только дошли до наших дней, но получили развитие и распространение, а исламские мотивы в литературе и искусстве очень слабы.

Как и относительное равноправие мужчин и женщин: вспомните хотя бы айтысы между ними (например, Дина Нурпеисова участвовала в айтысах наравне с мужчинами), не говоря о девушках-батырах. Вспомним, что у казахов есть игра «Қыз кум», когда всадник должен догнать девушку на коне. Если он этого не сумеет сделать, она может отхлестать его плеткой. Наши девушки росли вольно, потому и отличались воинским духом.

Не говоря о Законе РК «О браке и семье», где законодательно закреплено равноправие супругов.

Еще в начале XX в. казахи шли в бой с именами своих предков, аруахов. Те же мазары, против которых ополчились исламисты, имеют корни в древних курганах. А сегодня участились случаи похорон в день смерти (как принято в арабских странах из-за жары), проведения торжеств без музыки и танцев. Почему под категорию «харам» стали подпадать многие виды искусства, традиции, обычаи? К примеру, те же конакасы, ас, беташар, жеті нан, казахская музыка, национальные игры и т.д.

В степи девочки и девушки ходили с непокрытой головой. Казахские женские украшения и национальная одежда имеют доисламскую историю – саукеле, камзол, бөрік, шошак бөрік, бока, платье и т.д.

После приезда в аул жениха невесту «прикрывали». Для этого невесту доводили очищающие обряды, баксы под музыку совершал ритуал «воскрешения» невесты – беташар (открывания лица): он знакомил «пришедшую с иного мира» (келін от келу «приходить», ср. невеста от «неизвестная»; возможно, название головного убора «саукеле» от «сау келеді» – придет в здравии, придет живой, «сау келе жатыр» – едет благополучно) с почитаемыми предками и родственниками мужа, его семейными и родовыми преданиями и ритуальной камчой открывал ей лицо от покрывала.

Наверное, функция государства не сводится к тому, чтобы доводить негатив до его созревания и «нарыва» в виде социальной болезни. В Узбекистане и Таджикистане пошли по пути ужесточения религиозного законодательства: запретили чиновникам, школьникам посещать мечети (во время работы и учебы), запретили женщинам хиджаба, настоятельно рекомендуют сбривать бороды и т.д.



ҮКІМЕТТІ МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУҒА ШАҚЫРДЫ

«Ақ жол» Үкіметті Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігінің ырқында кетпей, мемлекет мүддесін қорғауға шақырды. Бүгін тиісті депутаттық сауалды Мәжілістің пленарлық отырысында Азат Перуашев жолдады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ.МАМИНГЕ

Күрметті Асқар Ұзақпайұлы!

Осы жылғы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында Мемлекет басшысы экономиканың зардап шегуімен болған шағын және орта бизнестің барлық қазіргі несиелері бойынша мөлшерлемені жылдық пайызын 6%-ға дейін субсидиялауды қамтамасыз етуді тапсырды. «Ақ жол» депутаттары бұл шешімді толығымен қолдайды.

Ағымдағы жылдың наурызында Төтенше жағдай енгізілгеннен бастап «Ақ жол» демпартиясының депутаттары Үкіметке, Ұлттық банкке және Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігіне несиелер бойынша шешімдердің мардымсыздығы, жаңа мөлшерлеме бойынша қаржыландырулардың қол жетімсіздігі, екінші деңгейлі банктермен қосымша шаралар әзірлеуді талап ету туралы ондаған үндеу жолдаған болатын.

Бәрі бекем. ҚР Президентінің Төтенше жағдайды форс-мажор деп тану туралы тапсырмасын Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі заңға сілтеме жасай отырып, банк несиелеріне қатысты мүлдем қолданылмайтыны

туралы мәлімдеуге дейін барды. Біз кәсіпорындардың құлдырауы жағдайының кезінде бұл нормаларды жаппай қайта қарау жөніндегі талаптарымызға жарты жыл бойы жұмыс жасауға тыйым салу жағдайында өздерінің қабілетсіздіктерін танытатын мардымсыз жауаптар келді.

Несиелердің ішкі мерзімдері бойынша берілген несиені шегерулер мәселені шешпеді. Ағымдағы несиелер төлемдерін шегеру мерзімі өткен соң шегерілген төлемақылардың жинақталуы және қалған мерзімде несиелерді жабылуына қарай бұрынғыдан қомақты берешек сомаға айналды, кәсіпорындардың құлдырауына қауіп туғызды, өйткені жарты жыл жұмыссыз тұрған өндірістің бірден қалпына келуі мүмкін емес.

Алайда банктер несиелер бойынша шарттарды ұзартпады, тіпті шегерулердің өзін әрен жүргізді. Өңірлерде болған іс-сапарлар барысында осындай оқиғалар туралы бізге көптеген шағымдар айтылды.

Ағымдағы жылдың 13 тамызында «Ақ жол» демократиялық партиясы несиелік демалыстарды енгізу

және төменгі мөлшерлеме бойынша бұрынғы барлық несиелерді қайта қаржыландыру туралы талап етіп, үкіметке кезекті үндеуді жолдауға мәжбүр болды.

Сондықтан да мемлекет зардап шеккен секторы – шағын және орта бизнестің барлық қазіргі несиелері бойынша мөлшерлеме пайызын жылдық 6%-ға дейін мемлекеттік қаржылық көмек көрсетуді қамтамасыз ету туралы шешімі – бизнеске жасалған үлкен, баға жетпес көмек.

Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі қиын кезде мыңдаған кәсіпкерлерге қажетті қолдау жасауға қарсы нормаларды өзгертуге тырыспады да. Өйткені, ол нормалар банк мүдделерін қорғайды. Мемлекет осыдан туындайтын шығындарды өзіне алуға мәжбүр.

Үкіметтің 2020 жылғы 2-қыркүйектегі Үкімет отырысында ҚНБДА төрайымы М.Е.Әбілкасымова қаржылық қолдау шараларының ахуалы туралы баяндады. Баяндамада атап өтілгендей, 2020 жылдың 1-шілдесіне субсидиялық несиелер бойынша орташа мөлшерлеме 15% құрады және төраға ханым субсидиялық несиелер бойынша екінші деңгейлі банктердің ең төменгі жылдық мөлшерлемесі

20%-ды құрағанын ерекше атап өткен жөн.

Мемлекеттік қолдаудың үлкен үлесі бұл жолы да кәсіпкерлердің қолына тимейді, банктердің кірісін көбейтуге жолсады.

«Ақ жол» фракциясы депутаттарында мынадай сұрақ туындайды: мұндай шешім немен байланысты? Егер екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнес субъектілеріне несиелерді 20% мөлшерлемен беретін болса, олар субсидиялық қаражатқа өзінің жоғары пайда түсімін салып отыр.

Шағын және орта бизнестің жаппай құлдырауы жағдайында банктердің «тәбеттерін» ақылға қонымды жағдайда шектеудің орнына, мемлекет оларды оларды ары қарай да қаржыландыруды жалғастыруда.

Қазіргі жағдайда бәрі, бизнес те, мемлекет те тиісінше шығындарға ұшырауда. Тек банктер ғана, ештеңе болмағандай, бұрынғы «тоқтық» жылдарындағыдай табысқа кенелгісі келеді.

Көптеген несиелер алушылар несиелерді қайтара алмайтын кезде мемлекеттік субсидияларды алу үшін мөлшерлемені 14%-ға дейін («2020 – Бизнесің жол картасы» бойынша жасалғандай) төмендетудің орнына М.Е. Әбілкасымова ханым екінші деңгейдегі банктердің барлық «тәбеттерін» қанағаттандыруды ұсынады.

Бүгінде ДҚБ бойынша субсидиялау Ұлттық банктің 5%-тен 9%-ға дейін өскен базалық мөлшерлемені негізге алады. Ұлттық банк жоғары 9% базалық мөлшерлемені қалдыра отырып, мемлекет есебінен екінші деңгейлі банктерді қаржыландыруды қолдап отыр.

Несиелерді субсидияландыруға бөлінген қаражат қарқынды жылдамдықпен бюджеттен «шайылып» кетуде. Сонымен қатар, Ұлттық банктің болжамдары бойынша Ұлттық қордың қаражаты 2023 жылы ЖІӨ төмен қалдығы деңгейінде 30%-ға дейін азаяды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» депутаттарының фракциясы Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігінің ырқында кетпей мемлекет мүддесін қолдауды және банктерді шағын және орта бизнестің қазіргі несиелері бойынша субсидиялаудың несиелер мөлшерлемесін 14%-ға дейін төмендетуді немесе Ұлттық банктің 1,5 базалық мөлшерлемесі бойынша, оның 6% -ын кәсіпкер өзі төлейтін етіп, банктердің кірістің бір бөлігінен бас тартуын міндеттеуді сұрайды.

**Күрметпен,
«Ақ жол» депутаттарының
фракциясы**

«АҚ ЖОЛ» ДЕПУТАТТАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҮНСІЗ ҚАЛҒАНЫНА НАРАЗЫ

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі А.Ұ. МАМИНГЕ,
Республикалық бюджеттің орындалуын
бақылау жөніндегі есеп комитетінің
төрайымы Н.Н. ГОДУНОВАҒА

Күрметті Асқар Ұзақпайұлы!

Күрметті Наталья Николаевна!

«Ақ жол» Демократиялық партиясының депутаттық фракциясы білім беру жүйесіндегі цифрландырудың қанағаттанарлықсыз жағдайына, көптеген мектептерде тұрақты интернеттің жоқтығына, цифрлық білім беру жобаларын ғылым министрлігі мен Үкіметтің назарын бірнеше рет аударды.

Білім беруді ақпараттандыру саласындағы кемшіліктер коронавирусқа байланысты төтенше жағдайлар кезеңінде ерекше ауыр болды, қашықтан оқытуға көшу кезінде бүкіл ел бойынша мыңдаған балалар сабақсыз қалды. Сонда кенеттен біздің мыңдаған ауылдар мен елді мекендерде интернеттің жоқтығы, мектептердің техникалық жабдықталмауы, шатырлар мен ағаштарға ата-аналар мен мұғалімдердің масқаралықпен өрмелеуі туралы біздің бұрынғы хабарларымыздың бәрі шындық, ал шенеуніктердің оларды жоққа шығарған жауаптары өтірік болып шықты.

Білім министрі А.Аймағамбетовтің алдағы оқу жылына арналған қашықтан оқыту проблемалары жоғу туралы жазда берген уәдесіне қарамастан, аймақтарға сапарларының нәтижелері бойынша «Ақ жол» партиясының депутаттары министрге тағы да ресми үндеу жолдап, (сілтеме No21, 29.07.2020 ж.) жағдайды түзетуге негізделген күмәндар туралы мәлімдеді.

Еліміздің әр түрліріндегі сайлаушылармен кездесулерде біз бірнеше рет көпбалалы отбасылардың бір смартфонды қолданып, сабақ оқитындығына қатысты ата-аналарының шағымдарын тыңдауға

«Ақ жол» депутаттары шілде айындағы қашықтан оқыту проблемалары мен Дүниежүзілік банктің 67 млн. доллар несиесін пайдалану туралы үндеуіне Білім және ғылым министрлігінің үнсіз қалғанына наразы. Фракцияның тиісті парламенттік сұранысын бүгін Мәжілістің жалпы отырысында Дания Еспаева жариялады.

мәжбүр болды. Бірақ, онда әйтеуір, сымсыз интернет бар. Көптеген жерлерде тұрақты Интернет жоқ. Сондай-ақ, тамызда Алматыдан 24 шақырым жерде орналасқан Қаскелен қаласының ата-аналары мен мектеп оқушылары тұрақты интернеттің жоқтығын мәлімдеді. Одан да шалғай аудандар туралы не айта аламыз?

Өздерінің білетіндей, біздің қорқынышымыз оқудың алғашқы күндерінде-ақ расталды. Барлық әлеуметтік желілер мен ресми арналар осы хабарламаларға толы.

Бірақ мемлекет бөлген қаражат қайда кетті, бюджет және барлық салық төлеушілер не төлейді? Бұл риторикадан алыс, бірақ біз фракцияның Білім және ғылым министріне ағымдағы жылдың 29-шілдесінде жазған хатында қойған нақты сұрақтар.

2016 жылдан бастап білім беру жүйесіне республикалық бюджеттен 27,2 млрд. теңге сомасында трансферттер жіберілді, оның ішінде:

- 6 152 мектепке 26317 мультимедиялық жабдықтар жиынтығын сатып алуға – 12 миллиард теңге;

- 7160 мектепті жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге – 16,5 млрд. теңге;

- 7,160 мектепті цифрлық білім беру ресурстарына қосуға 4,4 млрд. жіберілді.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен «Орта білім беруді модернизациялау» жобасын қаржыландыру үшін Дүниежүзілік Банктің 67 млн. АҚШ доллары көлемінде несиелер алынды.

Жобаның мақсаты – ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасын бір деңгейге келтіру, оның аясында 5000 мектепті

мультимедиялық жабдықтармен жабдықтау туралы шешім қабылданды. Барлық ауылдық мектептер компьютерлермен және кенсе техникаларымен жабдықталады деп жоспарланған. Ең бастысы, Интернет жылдамдығы төмен барлық мектептер үшін тұрақты сымсыз байланысты қамтамасыз ететін жабдықтармен қамту жоспарланған болатын.

Алайда, мәселенің жоғары өзектілігіне қарамастан, қолда бар ақпаратқа сәйкес, жоба жоспарларының бірде-біріне әлі конкурс жарияланбаған, тіпті (жобаның үшінші жылында) ауыл мектептерін интернетпен қамтамасыз ету үшін компьютерлер мен жабдықтар сатып алу бойынша техникалық сипаттамалар әзірленбеген.

Сонымен қатар, үш жыл бойы Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі мектептерді ақпараттандыру және сымсыз интернетпен қамтамасыз етпегені үшін бюджеттен 160 мың АҚШ доллары көлемінде несиелер резерві үшін комиссия төлейді.

Бірақ, мұнымен де біткен жоқ, осы жылдың шілде айында Білім және ғылым министрлігі Үкіметтен мектептерді оқу процесін цифрландыруға арналған жабдықтармен жабдықтау, сымсыз интернет желісі арқылы сабақтарды онлайн режимінде өткізу үшін тағы 74,2 млрд. теңге қаражат сұрады.

29-шілдедегі жоғарыдағы хатта біз министр А.Аймағамбетовтен келесі сұрақтарға жауап беруін сұрадық:

1. Халықаралық банктен несиелер алуға 67 млн. АҚШ долларын пайдаланылмауы немен байланысты, БҒМ жауапты тұлғалары ішінде қарыз алуға бастамашы кім, пайдаланылмаған қарыздың тұрақсыздық айыбын (бүгінгі уақытқа 300 мың АҚШ

доллардан астам) қандай қаражат есебінен төленуде, мектептерді модернизациялау жобасы орындамағаны үшін кім және қандай жазаға тартылған?

2. Жергілікті білім беру басқармаларына мектептерді ақпараттандыруға 2016 жылдан бері бөлінген (27,2 млрд.тг) қаражат қалай игерілді, олардың тиімді пайдаланылуы тексерілді ме?

3.БҒМ қол жеткізген нәтижелерді қалай бағалайды, егер ойдағыдай бағаласа, қашықтан оқытудағы сәтсіздіктер мен өзге де кемшіліктерге кім жауап береді?

Заң бойынша мемлекеттік органдарға шағымдарға жауап беру үшін 1 ай мерзімі белгіленген. Бірақ бүгінгі күнге дейін жауап берілген жоқ.

Осыларға байланысты, Асқар Ұзақпайұлы, Сізден Білім және ғылым министрі:

1. «Ақ жол» депутаттық фракциясының ағымдағы жылдың 29-шілдесіндегі сұрақтарына жауап беруге міндеттеуді;

2. Депутаттарға сұратылған ақпаратты беруден жалтарған БҒМ лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тартуды;

3. ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетіне білім беру саласын цифрландыру мен қашықтан оқыту үшін бөлінген қаражаттың жұмсалыуын тексеруді, оның ішінде Дүниежүзілік банкінен алған сыртқы қарыз қаражатының жұмсалмау себептерін анықтай сұраймын.

Сондай-ақ, Наталья Николаевна, Сізден бюджеттік қаражаттардың тиімді жұмсалыуына және осындай негізде, мемлекет тарапынан қатыстырылған қаражаттардың жұмсалыуын тексеруді сұраймын.

**Күрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары**

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі



Азат ПЕРУАШЕВ:

АҢҚАУЛЫҚ – ҰРЛЫҚҚА ЖЕЛЕУ

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДАРДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА «БӨЛУ»
ӨЗІН-ӨЗИ АЛДАУ МЕН ҚАРЫЗ ШҰҢҚЫРЫНА ӨЗ ЕРКІМЕН БАТУ

«Өзгерістер қажет» сұхбатымда айтылған Қазақстанның сыртқы берешегі туралы менің пікірлерім мен Ұлттық экономика министрлігінің түсініктемелеріне әлеуметтік желіде қызу жүрген пікірталастарға байланысты жауап бергенді жөн санаймын. Ұлттық экономика министрлігі жалпы сыртқы қарыз сомасын мемлекеттің қарызы емес, мемлекет қазынасының қарызы және жеке сектордың қарызы деп бөлу қажеттігін айтады. Сыртқы қарыздардың талдауын жасаған оның вице-министрі фирмалар арасындағы сыртқы қарызды (жеке кәсіпорындардың сыртқы қарызын) «алып тастау» керектігін айтып: «Сыртқы қарыз – ел тұрғындарына артылатын жүк емес», – деп мәлімдеді.

Иә, сыртқы қарыз методологиялық тұрғыда аталған түрлерге бөлінеді, оны түсінуге болады. Мен өзімнің сұхбатымда «квасисектор мемлекеттен гөрі шетелден екі есе көп қарыз артық алғанын» атап көрсеткен болатынмын.

Бірақ берешектерді осылай бөлу тек теориялық тұрғыда ғана.

Ал, нақты іске келгенде сыртқы берешектерді бұлай қатаң бөлуге болмайды. Өйткені, барлық сыртқы қарыз түрлері бір-бірімен өте тығыз байланысты және бірі-біріне тәуелді. Әлбетте, қарыз елдің экономикасына ықпал етеді.

Халықаралық инвесторлар Талдықорған қаласындағы қайдағы бір шұжық цехының немесе Орал қаласындағы тігін шеберханасының бағалы қағаздарын сатып алады деп ойлайсыз ба?

Әрине жоқ, жалпы сыртқы қарыздар нарығына отандық жеке бизнестің, оның ішінде не өндіруші компаниялардың, не банктер және ірі қаржы ұйымдардың құнды қағаз эмитенттері ғана тіркеледі. Осылар қазіргі жеке кәсіпорындардың сыртқы қарызының барлық 100 пайызын болмаса да 99 пайызын құрайды.

Енді осы кәсіпорындардың кіріс көздеріне мұқият қарасақ, олар

Қазақстанның мұнай-газ бен кен өндіруші кәсіпорындар не Ұлттық банк ноталары бойынша несиелік төлемдер мен екінші деңгейлі банктердің депозитіндегі қаражаттар.

Дәл осы активтер жеке компаниялардың сыртқы қарызын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Шикізат қорлар туралы еліміздің заңына сәйкес жер қойнауы мемлекетке тиісті, ал мемлекеттік биліктің бастауы – Қазақстан халқы. Жеке сектордың шетелдік несиелерін қамтамасыз ету көзі – Қазақстан халқына тиісті активтер, ол әрбір азаматқа тиісті, оның ішінде қариялар мен әлі келешек ұрпақтың да игілігінде болуы керек.

Енді екінші деңгейлі банктердің сыртқы қарыздары туралы. Банктің несиелері, депозиттердің салтыншылары болып отандық кәсіпкерлер (оның ішінде шағын және орта бизнес) мен ҚР азаматтары (ипотека алғандар, тұтыну несиелерін алушылар және тағы басқа да несиеленушілер); Ұлттық банк ноталары бойынша ЕДБ кірісінің көзі – мемлекет; банктердің кірісі кәсіпорындар мен азаматтардың валюталық операцияларынан түседі, әсіресе, ақшаның

құбылмалылығы кезінде де банктер пайда табады.

Сонымен бұл жерде де жеке банктердің қарызын қайтарушылары – елдің ұлттық экономикасы және азаматтары.

БТА – банк банкротқа ұшыраған кезде, оның сыртқы қарызын мемлекет жапты.

Бұл Қазақстанның тәуелсіз рейтингін сақтау үшін жасалды. Өйткені жеке қарыз алушыдан алған қарыздық міндеттің орындалмауы рейтингтің төмендеуіне және елдің қалған несиеленушілері үшін несиелену қиынырақ болуына әкелуі мүмкін.

Сыртқы қарыздарды теориялық тұрғыда «бөлу» өзін-өзі алдау мен қарыз шұңқырына өз еркімен батуға құрылған.

Иә, «паспорты» бойынша олар әртүрлі құжаттар, бірақ белгілі анекдоттыңдай паспортына емес, түмсығынан соғады емес пе. Біздің жағдайда әрбір қазақстандық қалтасынан қағылатыны анық.

Сондықтан да, құрметті достар, «бізде бәрі керемет, сүйкімді марка» деп жатса, қызыл сөзге алданып, сандардың сиқырына сеніп қалмаңыздар!

Өз ақшаңызды санап жүріңіз.



МЕН «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНА ҚАБЫЛДАНДЫМ

Бүгінде «Алашты» «Ақ жолдан» артық насихаттаған партия бар ма?! Ал ісі қазаққа «Алаштан» асқан идея табыла ма?!

Мен «Ақ жол» Демократиялық партиясының мүшесімін. «Ақ жол» ДП-ның партияның облыстық филиалдарының өкілдері менің қабылдануымды бірауыздан мақұлдады.

Шыны керек, бұл шешім оңай болған жоқ. Елге оралған 2013 жылдан бері 7 жыл өтті. Әйтсе де «Ақ жол» ДП-сына кіруіме бұл саяси ұйымның өзін қазіргі Қазақ елінің мызғымас іргетасын қалап, шекарасын белгілеп кеткен ХХ ғасыр басындағы «Алаш» партиясының мұрагері деп сөз жүзінде ғана емес, жетекшісі, 1938 жылғы ғана емес, республикамыз үшін құрбан болған «Алаш» қайраткері Перуаш Кәрімұлының немересі Азат Перуашев бастаған партияның «Алаш» идеясын, қозғалысын, партиясын, атаулас Ұлттық Жерлі Автономиясын және «Алаш» қайраткерлерін тиянақты іс-әрекетімен, қазақша-орысша мақала-жарияланымдарымен, ұлттық, халықаралық ғылыми байқауларымен, ғылыми конференцияларымен мүмкіндігінше шартарапқа насихаттап келе жатқан игі ісі тұрткі болды. Бүгін «Алаш» тақырыбын «Ақ жолдан» артық насихаттаған партия бар ма?! Ал ісі қазаққа «Алаштан» асқан идея табыла ма?!

Бір дауышпен «өзгерістерді ұзақ күту керек пе?» деп сұрапты. Сонда данышпан: – Егер қол қусырып күтсең, ия, ұзақ! – деп жауап беріпті. Ұзақ күтуге заман тарылып барады. Ғылымнан бас тартпай, амалсыз болса да саясатқа араласқанымда менің басшылыққа алатыным Алты Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның мына өсиет сөздері болмақ:

– Бұл заманда жылап мұратқа жетемін деу аш түйенің күйсеуі болады;

– Бөтен кісі қазаққа ешқайдан жақсылық әкеліп бермейді. Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды. Біреуге телмірген адамнан, халықтан қосақ түрткен жетім лақ бақытты;

– Саясат ісі бірлікпен орнына барады... Бұл үлгілі саясат жолында жұрт адамына білім-тағлым жол көрсететін іс, бұған қазақ жігіті кірсе, саясат жолынан тәлім алады, күндердің күнінде қазақ жұртына керек болатын іс атқарады;

– Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт жолына түсті. Кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар. Осыны аңғар, жұртым қазақ!

– Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеу мақсат.

Сұлтан Хан ЖҮСП, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, алаштанушы ғалым, филология ғылымы кандидаты

«АБАЙ АРМАНЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҮШӘЙРА

«Ақ жол» партиясы қазақтың ұлы ақыны, данышпан ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына және Қазақ Республикасының 100 жылдығына арнап «АБАЙ АРМАНЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ» атты халықаралық мүшәйра жариялайды.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп жырлап өткен ұлы ақынымыз Абай қазақтың биіктен көрініп, озық елдермен қатар тұруын армандап кетті. «Жарлы емеспін-зарлымын» деп, ұлтының болашағы үшін аң ұрып өткен ақынның теңіздей терең көркем жырлары мен көрегенді ойлары әлі күнге еліне бағыт-бағдар беріп келеді. Ұлы Абай ұлағаты қазақ халқына мәңгілік рухани азық бола беретіні анық.

Қазақтың байтақ жерін түгендеп, алып шекарасын шегендеп берген де осыдан 100 жыл бұрын Алаш қайраткерлері болды.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның іргесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құрылған Қазақ автономиялы республикасына және одан да ары барып, Алаш автономиясына тіреледі.

1920 жылы құрылған Қазақ КАСР-інің құрылғанына биыл 100 жыл толып отыр.

Бұл айтулы датаны мемлекеттік деңгейде жалпыұлттық мерекеге айналдыруды алғаш қозғаған, Алаш партиясының ізбасары ретінде қайрат танытып келе жатқан «Ақ жол» партиясы екені белгілі. «Ақ жол» енді осы атаулы мерекеге арналған халықаралық мүшәйра жариялап отыр.

Мүшәйраның мақсаты

Ұлы ақынымыз Абайдың ел руханиятындағы зор тұлғасы мен асыл мұратын айшықты жырлау.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі келбеті мен мемлекеттігіміздің негізі болып табыла-

тын Қазақ автономиялы республикасының маңызы және оны құрудағы Алаш арыстарының тарихи еңбегіне лайықты баға беру; жас ұрпақты патриоттық-тағлымдық тәрбиеге баулитын Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» ұлттық идеясынан туындайтын Қазақ тарихындағы қалдырған ізі зор қайраткер тұлғалардың ерен еңбектерін жырлау; рухани ұлттық мұрамыз бен елдік-ерлік құндылықтарымызды ұлықтау.

Мүшәйраға кемінде 3 өлең қабылданады. Оның біріншісі – ұлы Абай тақырыбына арналады. Екіншісі – Қазақ Республикасын құрудағы Алаш арыстарының рөлі. Үшіншісі еркін тақырыпқа арналады.

Бас жүлде біреу – 1000 000 теңге.
Бірінші орын біреу – 700 000 теңге.
Екінші орын екеу – 500 000 теңгеден.
Үшінші орын үшеу – 300 000 теңгеден.
Арнаулы сыйлықтар бесеу – 200 000 теңгеден.

Шығармаларды қабылдау мерзімі 2020 жылдың 15 қарашасына дейін.

Авторлардың өлеңдері электронды нұсқада қабылданады. Шығармалар TimesNewRoman қарпі 14-кегельмен басылу керек. Бөлек бетте автордың өмірбаяны, байланыс ақпараттары (телефон, эл.пошта, мекен-жайы) көрсетілуі шарт. Сонымен қатар, үміткердің бх9 фотосуреті қоса жіберілуі қажет.

Мүшәйраға қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді.



Алматы қаласы, Қалқаман ықшамауданы-3, К.Сейітов к-сі 11, «Қазақ үні» газеті редакциясы, тел 8-702-931-89-86, qazaquni@mail.ru.

Мүшәйра жүлдегерлері мен іріктелген жырлар «ТҰРАН» баспасынан жеке кітап болып шығады.

Ескерту: Жүлдегерлер Астана немесе Алматы қаласына келіп-кету жол қаржысы мен жатар орны шығынын өздері көтереді. Коронавирус қаупіне байланысты, карантин жарияланған жағдайда, марапаттау рәсімінің уақыты мен өткізілуі онлайн форматына өзгеруі мүмкін.

Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.

Ұйымдастыру алқасы qazaquni.kz

Жастайынан жеке әлемін жасап алған екен...

Бәлкім, тіпті, бұл байланымыз жаңсақтау да шығар, оның сол әлемімен бірге тууы да мүмкін. Әйтеуір, өзі де ғажайып бір жаратылыс еді.

Қарап отырсақ, әндегі, жырдағы ырғағы да, сол туындыларының пішіні де айрықша. Гитара шерткісінде де өзге ешкіммен шатастырмайтындай ерекше мәнері бар.

Табылдыны ойлаған сайын үзік-үзік көріністер елестейді.

Ол әскер катарынан оралып, ҚазГУ-дегі оқуын жалғастыруға кіріскен шақта Қарағанды облыстық газетінде жұмыс істеп жүргенмін. Алматыға ат басын арнайы бұрып, болашақ журналистер орналасқан №5 жатақханаға келдім. Төбеден түскендей жетіп барайын деп, ешбір ескертпестен, жайлап қана үшінші қабатқа көтеріліп, бөлмесінің есігін аштым. Сондағы бір мезет аңтарыла қарап қалған соң арсалаңдап қуанғанын көрсеніңіз! Құшақтай алып, кеудесіне қатты қысқан күйі кең кереуетке құлай кетті де, ұзақ аунады. Ұмар-жұмармыз. Екі езуі екі құлағында. Мәз. Менің де түрлі жағдайларға қуанған сәттерім бар ғой, бірақ дәл сондағы Табылдыдай есім шыға шаттанбаған шығармын.

Иә, ол сағынса өліп-өшіп сағынатын, сүйсе жан-тәнімен өртені сүйетін, жанса лапылдап жанатын ғаламат жігіт-тін.

Табиғаты кесек. Қимылы ірі. Әлденеге ызаланса бет қаратпайтын дүлейлігі де бар. Қажет кезде базбір бұзақының аузын бұзған сәттері де жоқ емес. (Ақыры айтқан соң, ондайды да жасырмай-ақ қояйық).

Тағы бір ғажабы, сөйткен ердің жаны сонша нәзік еді. Тез жараланғыш.

Өзі де табиғаттың төрт мезгіліндей жауын-шашыны, дауылы, мизамшуағы аралас тұтас бір ғалам, күрделі, қайшылықты құбылыс болғандығынан ба... Әйтеуір, болмысы, әдеттегіше, жақсы немесе жаман дей салуға сыймайды.

Сонау жатақханадағы кездесуден екі-үш жылдан кейін бе екен, Алматыға Атырау облыстық филармония ұжымымен бірге келді. Сол мекеменің қызметкері-ді. Еске түсетіні, бір үйдің бетіне жел тигізбей өсірген жалғыз ұлы үлкен-кішіге көбіне сен деп сөйлейтін. Еркеліктің, серкеліктің белгісі.

Бұлар бүгінгі Республика сарайында концерт қойған күннің ертеңіне «Қазақстан» мейманханасына бардым. Табылдың бөлмесі тоғызыншы, әлде оныншы қабаттардың бірінде екен. Енді ғана тұрып, жуынып-шайынып болған соң іргедегі магазинде жүгіріп барып келіп отырған беті көрінеді.

— Алдымен ана шалдардың бастарын жазып, «тірілтіп» алайық, — деді. — Кейбіреуі қирап, «өліп» жатыр, Құдай біледі.

Концерттен кейін түн ортасына дейін «тойлатқан» әріптес ағаларын айтқаны. Бір мезгілде солбырайып үш-төрт артист кірді. «Шал» дегеніндей-ақ, Табылдың әкелеріндей адамдар. Қырық-елулерде. Біреуінің қолында домбыра жүр. Оған аспабыңды ала келерсің деген секілді.

«Сусыннан» бір-бір тартқан соң бәрінің де маңдай терілері жазылып, жіпсіп, жүздеріне қан жүгірді. Сәлден кейін қаршығадай қағылез, арықша, мұртты ағай домбыраны құйқылжыта тартып, «Ақжамалға» басқан. Дауысы әлемет. Бұлар, түгел дерлік, Мұхит мектебінің өкілдері ғой; әнді аныратып желдірте жөнелгенде айызың қанып, делебең козады.

Әлден уақытта домбыраның бір ішегі босап кетті. Бірақ әнші еш абыржыған жоқ. Әнді төпелете салып отырған бойда-ақ аспаптың ұлап күйін мейманшадан келтіп қойған. Бұл алапат екпінмен шауып келе жатып айыл-тартпасын қатайтып, құйысқан-өмілдірігін түзеп алған әбжіл шабандозды көз алдына келтірген еді. Қайран қалдым. Тәнті болып:

— Мына кісі шын дүлділ екен! — деймін досыма сыбырлап.

Біржия күліп, «Жарайсың. Талантты танығанына ризамын!» дегендей иығымнан қысып қояды.

Сөйтсем, бұл атақты Мекес Төрешов болып шықты. Әншінің атын естігенмен,

жүзбе-жүз алғаш көруім-ді. Думан енді қыза түсе ме деген сәтте Табыл:

— Ал енді доғарайық! Әзірге осы «шапқанымыз» да жетеді. Артық кетпейік. Түстен кейін басқа шаралар бар ғой. Қазір бөлмеге барып жақсылап демалыңдар. Қалғанын кешке қарай жалғастырамыз, — деді.

Ағалары жақсы отырысты қимай тұрса да, ләм деместен, бас шұлғиды. Іні ақылына тәк тұру деген осындай болар. Оларға «сен» деп нұсқау жасау да тек Табылдыға ғана жарасатын мінез сияқты. Мұның еш оғаш көрінбеуі оның ағайын, туысбауырға адал жүрекпен жасалған әлгіндей жанашырлығына, шынайы қамқорлығына қатысты ма деп түйемін.

Табылды елдік мұраттар мәніне, ізгілік, адамгершілік қасиеттер жайына қаршадайдан-

теперішін қайыспай көтерген. Бұлардың мұң-наласы ақынжанды жеткіншектің көкейіне біртіндеп көл-көсір сыр, қанатты ән мен жыр болып ұялайды. Оның үстіне Аякен көне шежіре, ежелгі қисса-дастан, тіршіліктің тылсым заңдылықтары туралы ескі тәмсілдерге жетік жан екен, соларды ұлының санасына сәби шақтан сіңіреді. Осылайша зерделі жас айналадағы ағайынның да ахуалына жіті қарап, жағдайына жан ауыртып, қайырымдылыққа дағдыланады, біртіндеп халықтық мүдделерді дітейді. Табылдың Асанқайғы, Махамбет сынды тұлғалардың жан әлеміне үнілуінің өзі бір тартымды тақырып.

Мұндайда орыс жазушысы Инна Гофтың: «Адам бала кезінде қоршаған ортаны қызықтайды. Жастық шақта — өз-өзін, ержеткенде өзінің түп-тегі тамашаламақшы. Бұл да — өз-өзіне қызығу. Бірақ ауқымдырақ. Өзіңді түсіну ісіне тұтас

ЖҰРЕКТЕГІ

ақ бойлай бастаған-ау деп ойлаушы едім. Оның сырын ең алдымен атасы Досым ақсақал мен сол шаңырақтағы

Нағипа бәйбішенің төңірегінен іздесеқ жанылыспайтын шығармыз. Табылдың әкесі Аяш екі ағайынды адам екен. Бір қызығы, Аякеннің де, оның інісі Зекеннің де әйелдерінің аттары — Нағипа. Және шешелерінің есіміне ұйқас...

Міне, Табыл осынау тату әулеттің телкоңыры. Аталған әкелері мен ардақты аналарының мейірім шуағына еркін шомылған сезімтал бала шаңырақ тарихына ерте ден қойғандай.

Байқап отырсақ, әрдайым адал еңбекке сүйенген байсалды, байырқалы бұл адамдар халықпен бірге тағдырдың небір

дүниені жалғау арқылы келесін. Отыз бен қырық жас аралығында кісінің жан әлемі мейлінше толысып, кемелдік кезеңге жетеді. Жалпығаламдық кеңістікке құлаш ұрып, бүкілазаматтық жәйттерді пайымдайды. Ол ұлын да, әкесі мен атасын да түсіне алады» деген сөзі ойға оралар еді.

Табылды да үлкен елдік бағыттағы іргелі мақсаттарға ұмтылды. (Десек те, дәл мұндай асқақ сөз оған мүлде ұнамас еді. Әр ісін ешбір әсіре пафоссыз, ел көзіне түспей, мейлінше табиғи, қарапайым түрде атқаруға тырысатын). Мәселен, оны айналадағы келеңсіздікпен арналаса жүріп, қайдағы жағдайда көз жұмған арынды ақындардың өмірі қызықтырды. Солардың ішкі дүниесіне терең бойлап, бұларды күйзелткен жағдайды халыққа ақтарып, жарқырата көрсеткісі келді. Олар жайында ел ішінде қалыптасқан қасан қағида, қарабайыр ұғым-түсінікті бұзып, көпшіліктің көзін ашуға, белгілі құбылыстарға деген көзқарас аясын кеңейтуге күш салды. Мұның бәрі де елге сабақ болса, халыққа пайдасы тисе, ілгерілеуге сеп болса деген тілектен туындап жататын. Бірде маған телефон арқылы хабарласып, тағдыры күрделі ақын Свет Оразаев туралы мақаламды сұратып алғаны бар. Сол сияқты түрлі жағдайда

■ ЕСКІ ЖАЗБАДАН

Құсадан күйген қоңыр қозы

...Бұл екі арада Өтежан аға да оралды.

— Екі қабатты он екі бөлме үйі бар екен.

Ауласы ат шаптырым. Жағдайы жаман емес сияқты, — деп келді.

Қалтжысыз күтіпті. Армансыз қыдырыпты. Жергілікті шайырлармен жүздесіпті екеуі. Кездесулер ұйымдастырыпты. Оны газеттер жарыса жазыпты...

Малайсары би мен Мұрат Мөнкеұлының рухтарына тәу етіпті. Өтекең Махамбеттің басына барғандағы әсерін: «Айдалаға тастап кеткен домбыра секілді екен мазары» деп, «беркініп садақ асынған» сайыпқыран ақынның зираты көрінісін таңдана әңгімелеп, мені де едәуір еліктірді.

Кезінде Орал өңірін паналаған тағдырлары күрделі ақындар Свет Оразаев пен талпақтық Сағат Әбдуғалиевтың ескі үйлеріне апарыпты. Кейін музейге айналдырамын депті сол үйлерді. Табылдың өз оттарына өздері өртеніп өлген осындай адуынды дәріндардың бұралаң өмір жолдарын ертеден қызыға зерттеп, олардың ғұмырының қалтарыс қырлары туралы көп толғанатынын білетінмін-ді...

«Сіз тұрғанда, маған онша жараса қоймас» деп, «Қосай ата» медалін тағыпты Өтекеңнің өңіріне. Оны өзі бірталай еңбекпен алған секілді. Адайлардың ішінде сонбақтың бетіне шығатын игі жақсыларына

ғана бұйырған аса бағалы марапат сияқты бұның өзі...

Өтекең өлгенше риза екен. «Медалі қатты ұнады!» дейді. Расында да, көрнекті көрінеді. Үкімет берген «Құрмет» орденінің қасында айрықша жарқырап, көз тартып тұр. «Соғымды қысқа қарай аласыз, — депті. — Ал Индерге көшіп келетін ойыңыз болса — жер жетеді, үй салып берем, кемпір алып берем» депті әзілдеп...

Оралдан Дендерге қайтқан жолда Табыл қайта-қайта Жайықтың жағасындағы тоғандарға түсіп, шомылумен болды дейді:

— Мен анадайдан қарап қойып отырамын, ол маған қарайды... Қарайды да мені аяйды. Мен оны аяймын...

Көз алдыма елден шалғайдағы қалың тоғай арасында, онаша түкпірде күйбендеп, селбесіп бұйығы тірліктерін кешкен карт Ақан сері мен оның дәрменсіз ұлы Ыбан елестеп өтеді де, аңтарылып сұрақ қоямын:

— Қалай сонда? Бір-біріңізді аяғандарыңыз не?!

Өтекең бір сәт үлкен көздері алайып, тосылып қалады.

— Енді... Ол да қайбір жетісіп жүр дейсің сонау жырақта... Ал мені мүсіркейтіні — марқұм Күләш байғұс апалары еді ғой өздерінің... Менің қазіргі қорғансыз халімді түсінеді те!..

Алайда Өтекеңнің көп сырды бүгіп, сөз



мерт болған шайырлар Сағат Әбдуғалиев, Марат Отарәлиевтің мұраларын жинақтауға талпынды.

Кейінірек пайымдасақ, сөйткен Табылдың өз жүрегі де жұлма-жұлт болып жүреді екен. Тек еркөңіл, намысқой жігіт ешкімге сыр бермеуге тырысқан.

Ол да сан алуан ауыртпалыққа кезігіп бағыпты. Әсіресе, құндылықтар ауысып кеткен кезеңдегі тоғышар, меңіреу орта оның жойылып кете ме, қор бола ма деп қауіптеніп, ұлт мүддесін көздеп, ұрпақ қамын жеп жанұшырып жүргенін қайдан ұғып жатсын; кедергіні күшейтіп, ылғи тәлкек қылуға көшеді. Зұлымдықты көбейтеді.

Өзі баладай аңғал да еді. Көңілі кіршіксіз жігіт көптеген келенсіздік мәнін түсіне алмай, дәрменсіздікке, қорғансыздыққа түскен кездері жиі. Өз-өзіне күмәндәнді. Кейде ширығып, бұлқынды, өз жанын өзі жұлып жеп, сансыз сауалдың жауабын іздеді. Ұшарға қанат болмай, аласұрды. Ақыры көп кінәні



ЖЕТИМ ЖАС

немесе тағы да Табылды Досым туралы

өзіне аударды. Оның «Адамнан асау» аталатын микропоземасы соның көрінісіндей:

— Азаптан арыла алмай тірісінде,
Қалып қойып қаптаған мұң ішінде.
Қолынан күзғындардың қаза болған,
Аяулы арыстардың бірісің бе?

Алынбай асуларым алсам деген,
Күндерім өтіп жатыр сарсаңменен.
Ерен болып, мөп-мөлдір өлең болып,
Жүрегінде жұртымның қалсам деп ем.

Ақиқатсыз көңілді басардай мұң,
Ар-ожданды ойлаудан бас алмаймын.
Сайтан айдап, сары дала, саяқ кетіп,
Үйірінен адасқан асаудаймын.

Босана алмай бұлқынып торда қыстай,
Қыран құсым қажыды самғап ұшпай.
Салқар құмда сүргін сап жүріс мынау,
Жаралы жолбарыстай...

Сонда адасқан кім? Ал осы жәйтті түсініп,
жағдай мәніне үңіліп жатқан қайсымыз бар?

Біз де оның жанын жете түсіне қоймаппыз...

Табыл, әйтеуір, қандай жағдайда



да туа бітті кішіпейілдігінен айныған жоқ. Әр кезеңдерде түскен суреттеріне қарасаңыз, оның көпшілік арасында екінші немесе үшінші қатарда тұрғанын байқайсыз. Ешқашан алдыға

ұмтылмаған, суырылып шығып, жарқылдап көрінуді қаламаған. Көрнекті мемлекет қайраткері Лияс Омаровтың «Қазақтың талантты жігіттері көбіне қарапайым, кішіпейіл келеді. Тасада

күйкілеу ой ғой бір. Әйтпесе үлкен кемеге үлкен айдын қажет екенін, парлап самғайтын кеңістік керек екенін білмейді дейсіз бе.

Қолма-қол шешіле қалмайтын күрмеуі қиын шаруа болғанымен, шын іздесе, осынау түйықтан шығатын жол табылар да еді.

Прозаик болса шығып кетер еді-ау, сол тупиктен. Ал әкімдікке қыры жоқ екенін әуел бақылаған...

Өтеген қиялын шартарапқа шырқатып, боздақ бауырым қайткенде аман қалған болар еді деп, ақылы адасады. Жетпістен асқан жасында көрмеген құқайы, кешпеген шырғаланы қалмаған... Оқып түспеген әдебиеті жоқ кәрі тарлан... Сезімтал ақын жүрек сол бағғанында-ақ жағдайдың бәрін байқаған екен. Қабырғасы қайысып, толғанған екен.

Анығында, сол кезеңдер Табылдың тығырыққа тірлегенін мен де білгенмін. Көпшілік шығармашылық адамдары бастан өткеретін «қалыпты» жағдай. Әйткенмен кеудедегі дауылдың тыншы қалуы оп-онай нәрсе емес. Сондықтан да, бұл — ұды да, суды да ішкізіп, сана сансырататын аса қайшылықты сәттер. Мұндай шақта жан әлеміндегі үйлесімнен де береке қашып, өз жаныңды өзің жұлып жегендей жүдеп-жадап бітесің.

Тек осы үдеріс ұзаққа созылып кетпесе деп қауіптенгенім де рас-ты. Әйтеуір, Табылдың мұндай ауыртпалықтың бәрін жеңіп шығатынына шүбә ем жоқ еді. Өйткені оның дарын құдіретіне түбегенмін.

Алайда, ажал не, жынды деп Біржан салдай ұлдарын бұғаулап, «шешсеңші, білегіме арқан батты» дегізіп шырқыратқан ағайынның қатыгездігі бүгін де асқына түспесе, кеми қойған жоқ қой; қазір қарап отырсам, Табылдың да қалт-құлт етіп, күз-жартастың ернеуінде тұрғандай өте бір қатерлі тұсында маңайдағы кейбір туысқандар тыныштық беріп, өз-өзімен қалпақ ретуіне «жәрдемдесіп» жібергендей көріне береді.

Енді, міне, Табылдың кейінгі жазған өлеңдерінің біріне қайтадан қарап, әлгі күдігім растала түскендей, ойран-асыр боламын:

— Алып кет мені ауылдан, аға,
Сені аңсап біраз шет жүрдік.
Мен өмір сүрген қауымға қара,
Айналысқаны — бөк тірлік.

Жанымды салма зарлатып отқа,
Болмысым сені күтті әр күн.
Алып кет мені Алматы жаққа,
Азаптан сүйітіп құтқарғын.

Рәсуасы болып ессіз ғаламның,
Дендерім — туған жерімде.
Махамбет құсап бассыз қалармын,
Қараойдың қара көрінде.

Қараойға мені жерлетпеші, аға,
Дәру боп кесел — жарама!
Көшір де, әнттік пендеге сана,
Алматы — әсем қалаға.

Сақи басыма намыс байланып,
Жүргенде саған жолықтым,
Кетермін бір күн арысқа айналып,
Аға, сен содан қорыққын!

Апаттың алдында тұрғанын анықтан-анық ескерткен екен. Жан дауысы шығып, ышқынған екен. Ести алмаппыз...

Кейбір жігіттер «Табылдың өнерін көзі тірісінде ешкім бағаламады, енді әдетімізше өлтіріп алып, небір нәрсені айтып зарлаймыз» деп ренжіген сияқты. Мұның шындығы да жоқ емес шығар, алайда өз басым сонау сексенінші жылдардың аяғында «қазақ үшін Высоцкий мен Оқуджава сияқты бардтар — бір төбе де, Табыл — бір төбе» деп талай жаздым. Оның ерекше қырларын айттым. Өкініштісі, ол ойдың бәрі Қарағанды облысы аумағынан аса қоймады. Оны Табылдың өзі де білді. (Айтпақшы, кеше ғана естідім, Қарағанды қаласындағы студент жастар Табылды дүниеден өткенде қаралы митинг жасап, өлеңдерін оқып, әндерін орындапты).

Алдағы уақытта да жазармыз деп жүрдік қой. Аяқ астынан көз жазып қаламыз деп кім ойлайды. Ертеңіміз бар деп үміттендік. Сөйтіп жүргенде Табылды досымыз да домбыраның ширекқан шегі секілді үзілді де кетті.

Ұлы төзім де түгеселеді екен. Шексіз кеңістікті көксіп құсадан күйген қоңыр қозы ақырында сол әйгілі Қараойдан сая тапты.

10.12.2010.

■ ТӘБӨРІК

КҮРСТАС ДОСТАРДЫ АҢСАУ

*Алатау баста мен үшін
Алатау алып асқар-ды,
Арайлы асқақ таңдар мен,
айнымас асыл достар-ды.
Сол Алатаудан бұл күнде
бүйректе уыс тас қалды.
Сол достықтардан
бұл күнде
жүректе жетім жас қалды.*

*Алатау баста мен үшін
Әубәкір, Боря, Арман-ды,
Серікбек, Құлтеш, Жұмабай,
Қалдар боп сосын жалғанды.
Тауыса алмай алып арманды,
атқызушы едік тандарды,
Сол армандардың орнында
шықпаған әзір жан қалды.*

*Сол Алатаудан
бұл күнде
бүйректе қалған тас қана,
Сол достықтардан бұл күнде
жүректе қалған жас дара.
Алматыдан ба ластанған,
адамынан ба мастанған.
Ауылдағы ақын мен түгіл,
ат басын тартты-ау Астана..*

*Сендерден аңсай хат-хабар
неше күн күттім, неше түн.
Дала-молаға жүгірмес
қалалық бала «өсетін»...
Жұмабай - «Шальм» зводар,
Әубәкір тірі содан соң,
Жырына жалдап жан сырын,
газеттен сәлемдесетін.*

*Достар-ау, елде енжармыз,
нелер бітпеуде, не бітіп,
Сағыныштардың тек қана
табылмайды екен емі түж...
Алматыдағы арманды
Алатаудан қосақтап,
Атырау аса көшкенде —
Кеңсайды кетем кеңітіп...*

Табылды ДОСЫМ

жүргенді ұнатады. Ал дарынсыздары даңғой немесе өлермен... Осы кереғар мінездер өзара құйылысып, жымдасып, барлық бауырларымыздың бойына қонса жаман халық болмас едік» деген сөзі осындайда еске түседі. Табылды табиғатында да бой жасыратын хас тұлғардың мінезі бар еді...

Қазір ойласам, ол ақырын ғана мысықтабандап тақалып келе жатқан ажалды сезген екен. Ерсайын Жапақ досымыз Табылды дүниеден өтер қарсаңда өзіне: «Ераға, енді қашан кездесеміз, мен емделуге жатуым керек, аман-есен жүзделсе жазым деп көзінен жас ыршытып, құшақтады» — деп жазды.

Соңғы сәттерде сонау сұрқия күштер жанын жаралап, жігерін құм қылыпты. Үмітін үзіп, дертін асқындырыпты.

Бір себептен, сол бір шақтарда біз де қол ұшын соза алмаппыз. Әркім өз күйкі тіршілігін күйттеген кері заман...

Табылды «Курстастарды аңсау» аталатын өлеңінде:

— Алатау баста мен үшін
Алатау алып асқар-ды,
Арайлы асқақ таңдар мен
Айнымас асыл достар-ды.
Сол Алатаудан бұл күнде
бүйректе уыс тас қалды.
Сол достықтардан бұл күнде
Жүректе жетім жас қалды, —
деген еді.

Бір сүйініштісі, оның тағдыры қаншалықты ауыр, қайшылықты болып көрінгенімен, қызық, мағыналы тағдыр екені рас. Нағыз ақындық тағдыр.

Өлімінің өзі сабақ...

Бәрібір, қалай дегенмен, осынау күрделі жағдайда өзімді кінәлі сезінемін. Анау жетім жас енді менің жүрегімде кілкітіндей...



АЛТАЙДА АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ ҚАЛАЙ АШЫЛДЫ?!

Биылғы сәуір айында белгілі тележурналист Махат Садықтың «Қазақ үні» сайтындағы «Қырымбек Көшербаевтың Абайы» атты мақаласын оқығанда, менің де есіме бірден Мәскеудегі Абай ескерткішімен қатар Өскемен қаласындағы Абай ескерткіші оралды. Ислам Әбішевтің Абайы.

Бүгінде ҚР Мемлекеттік хатшысы, белгілі саясаткер, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткер Қырымбек Көшербаевтың Мәскеуде тұрғызған Абайына бірден назарың ауады. Ал бұл ескерткіштің графикамен орындалған образды суреті, келісті кескіні тіпті әсерлі. Көзге көркем, көңілге қонымды, ойлы ақынның образы. Бірден ұлы Абайдың «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» деген жыры ойға орала кетеді.

Оның авторы кім екенін білмей отырмын, Махат та айта қоймапты...

2014 жылы «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев бастап, Болат Өтепбаев, Берік Дүйсембинов және біз қоспап, іссапармен Мәскеуге барғанымызда бірден Абай ескерткішіне соқтық. Ресейдегі Қазақстан елшілігі алдындағы «Чистопрудный бульвар» деген жерде екен. Онша үлкен болмаса да, ақын кескіні айшықты жасалғанын аңғарғанбыз.

Ұлы Абайдың ескерткішіне гүл қойдық. 2006 жылы 4 сәуірде Қазақстанның тартуы ретінде қолдан жасалған ескерткішті екі елдің президенттері Н.Назарбаев пен В.Путин ашқан. Авторлары – белгілі мүсінші Марат Әйнеков, сәулетшілер Валерий Романенко мен Тимур Сүлейменов. Ескерткіш құны – 162 миллион теңге. Сол кездегі бағаммен 1 миллион 250 мың доллар. Ақылман Абай терең ой үстінде отыр. Ұлы даланың ұлы ақыны асыл жыры, асып туған ақыл-ойымен әлемге танылды. Қараша ауылда туған қазақтың қара шалы бір кезде кешегі Кеңес империясының астанасы

ескерткіші мен бюстері ашылуда. Суретшілер ұлы ақын портреттерін салуда. Бұл жолда бірізділік болғаны дұрыс деген Махат әріптесімнің ұсынысын қолдаймын.

Өскемендегі Абай ескерткішінің қалай салынғанынан да хабарым бар. Ол ескерткіштің тұрғызылуына облыс әкімі Бердібек Сапарбаев пен Өскемен қаласының әкімі Ислам Әбішев тікелей бастамашы болды. Әрине, сол кезде облыс әкімінің идеологиялық орынбасары болып істеген Махат Садықтың ескерткішке тікелей жауапты болғаны өзінің мақаласында толық айтылады.

Абай ескерткішінің тұрғызылуында әсіресе, қала басшысы

КӨКТЕ ЖҮЗГЕН КӨК ТУ АБАЙ ТҰЛҒАСЫН АСҚАҚТАТТЫ

Алтайда Абай ескерткішінің ашылғаны – Алашта ақ түйенің қарны жарылғаны еді!..

Ежелден көрші екі ел – қазақ пен орыстың ұлы ақындары Абай мен Пушкиннің ескерткіштері қатар ашылуы халықаралық дәрежедегі зор мәдени оқиға болды. Алыс-жақын шетелдерден де қаламгерлер қатысқан қоғамдық-мәдени хәм саяси жиынды ашқан облыс әкімі Бердібек Сапарбаев ежелден дос қос халықтың қос алыбы туралы толғамды сөз сөйледі.

Астанадан арнайы келген Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев әлем таныған ұлы тұлға Абайдың – қазақтың рухы мен намысы екеніне тоқталып, Өскемен қаласындағы Абайдың ескерткіші Тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болған елдің – рухани мінбері болады деп санайтынын айтты.

Ескерткішке гүл қойылып,

қарай, Ресейге қарай өр Алтайдың төрінде тұруының өзі – қуанышты жағдай. Және бұл Өскеменге қазақ рухының, қазақ ұлтының намысы жеткендігінің үлкен белгісі деп білемін» – деп, әдеттегідей турасын айтты.

«Бұрын Өскемен қазаққа жат көрінетін еді, енді жанымызға жақын тартып, өзіміздікі сезіне бастадық», – деген Мұрат Әуезовтың сөзінің де жыны бар.

Абай ескерткіші ашылғанда әуеде «Айттым сәлем, Қаламқас!» әуенімен бірге ақ көгершіндер қалықтап жүрді. Алып ескерткішті айнала ұшқан көгершіндердің бірі тас тұғырға қонып, ұзақ отыруы да қалың елдің көгершін көңілін білдіргендей әсерге бөледі.

Аллаға шүкір, бір ғасырдан астам уақыт өткенде енді Абайды өз өлкесінде қарсы алып отырмыз!

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деген Ұлы Абайдың зор тұлғасы дін мұсылманның Ұлы мерекесі – қасиетті Рамазан айында ұлықталып, мешітке қарама-қарсы

АБАҚТЫДА

– Мәскеуде де еңселі ескерткіш болып тұратынын ойлады ма екен деймін қиялға беріліп... Бір әттеген-айы ескерткішке «Абай Құнанбаев» деп тек орыс тілінде ғана жазылыпты. Ақыр Қазақстанның өзі жасаған екен, неге Абайдың өз тілінде де: «Абай Құнанбайұлы» деп жазылмағанына қынжыласың... Мысалы, кавказ елдері немесе өзбектер осындай мүмкіндікті өмірі жібермес еді, міндетті түрде өз тілдерінде де жазар еді...

Мәскеуліктерге 2012 жылы Ресей астанасында блогер Алексей Навальный бастап, В.Путинге қарсы митингке шыққан оппозицияның «Оккупай Абай» қозғалысы осы алаңға жиналып, қазақ ақыны Абайға келіп мұң шаққандарын айтып едім, хабарлары бар екен, қостай жөнелді. Иә, соның бірі 2012 жылы 13 мамырда ресейлік белгілі жазушылар Борис Акунин, Дмитрий Быков, Виктор Шендерович, Юлия Латыниналар бастаған он мыңдай оппозицияшылар Абай ескерткішіне кезекті марш ұйымдасырған болатын... Ресей оппозициясы Абай ескерткішіне осы кезден бастап, көңіл аударып, Абай өлеңдерінің аудармасын тауып алып, көптеп шығарып таратып, ескерткіш басында оқып жүрді... Қай кезде де әділдік іздеген халық алдымен ұлына қарамай-ақ халық мұның жырылаған ақынға жүгінеді екен ғой деп ойлайсың. Бар халыққа ортақ болып отырған данышпан Абайдың ұлылығына бас иесің.

Шынында да заманынан оқ бойы озып туған ақын Абайдың құдыретіне таңғаласың. 15 миллиондай халқы бар Мәскеуде ақиқатты аңсаған халық әлемдік руханияттың алыштары, ағылшын Шекспирге емес, тіпті өз ұлтының ұлы ақыны орыс Пушкинге емес, данышпан қазақ ақыны ұлы Абайға келіп, шерін шертеді...

Ескерткіш орналасқан алаң шетінде Қазақстанның Ресейдегі елшілігі бар екен. Елшілік үйі төбесіндегі Көк туымызды көріп, көңіліміз өсіп қалды. Алдына суретке түстік.

Иә, биыл Абай жылы болғандықтан, көп жерлерде Абай

Ислам Әбішевтің қарымдылығы мен батылдығы үлкен рөл атқарды. Өйткені ол Абай ескерткішінің орнында бұрын коммунистер көсемі Лениннің ескерткіші тұрған болатын. «Красный Восток» аталған, Кремльге қарап сағатын түзейтін Өскемен қаласында пролетариат көсемінің ескерткішінің орнына ұлы Абайдың ескерткішін орнату онай бола қойған жоқ. Үлкен кедергілерге кездескені, жергілікті кертартпа күштердің қарсылығына тап болғаны белгілі.

«Мұнда Абайдың не керегі бар, орыс офицері Майковтың ескерткішін қояйық» деген өзге ұлт өкілдеріне, тіпті өзіміздің кейбір мәнгүрттер де қосылғанда, олардың қалам ұстаған біреуін қала әкімі Ислам Әбішев шақырып алып: «Абайға қарсы тұрғандарды қарғыс атады. Ол қарғыс сенің үрім-бұтағына кетеді» – деуге дейін барды. Бұл Абай ескерткішінің тұрғызылуына облыс пен қала басшыларының қаншалықты қажыр-қайрат жұмсағанының шет-жағысын көрсетсе керек.

Сондықтан Тәуелсіздік алғанына жиырма жылға жуықтаса да, Кеңестің елесінен арылмаған елде наразылық күшейіп кетпеу үшін ескерткіш барынша тез, қысқа уақытта дайын болды. Әрі бұнымен қатар орыстың ұлы ақыны Пушкиннің де бюсті тұрғызылды.

Сөйтіп, қысқа уақытта ұлы Абайдың алып ескерткіші асқар Алтай аясында асқақтап шыға келді. Бұрынғы Ленин ескерткішінен де (қай жерде де күн көсемнің ескерткіштері үлкен болатыны белгілі) анағұрлым биік болып жасалды. Асқар Алтайда асқақтаған Абайдың алып ескерткішінің биіктігі 14 метр, салмағы 5 тонна. Оған облыс бюджетінен 60 миллион теңге бөлінді.

Облыс әкімдігінің алдындағы бұрын Ленин тұрған бас алаңда енді Тәуелсіз Қазақ елінің бас ақыны Ұлы Абайдың тұлғасы тұр.

Абай ескерткішінің авторы, белгілі мүсінші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ескен Сіргебаев.

тағзым ету рәсімінен соң сөз қаламгерлерге берілді. Әзілхан Нұршайықов, Тұрсынбек Кәкішев, Құлихан Исақов, Төкен Ибрагимов, Нұрлан Оразалин секенді барландар ерекше әсерлерін білдіріп, Абай ескерткішінің Алтай төрінде ашылуы саяси зор маңызы бар оқиға екеніне тоқталды.

Абай ескерткішін ашылуына көршілес елдерден де біраз қаламгер арнайы келіпті. Тәжіктің саңлақ ақыны Сафар Абдулло, қазаққа елшілігімен де белгілі қырғыз шайыры Ақбар Рысқұлов, орыс ақыны Александр Радионов Ұлы Абай жырының әлемдік мән-маңызын әңгімеледі.

Қазаққа алғаш Абай таныстырған орыстың ұлы ақыны Пушкинге де өзін атындағы кітапхана алдында ескерткіш-бюст орнатылған екен. Қос халықтың қос алыбы кенді Алтайға қатар келіп жатқанының өзі керемет сәулелі сәйкестік емес пе?

Мұнда да облыс әкімі мен министр қос халықтың қос ақыны туралы мазмұнды сөз сөйледі. Содан соң сөз алған мәдениеттанушы ғалым Мұрат Әуезов, «Простор» журналының бас редакторы Валерий Михайлов, т.б. өз ойларын білдірді. «Жұлдыз» журналының бас редакторы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Алтайдан түлеген ақиық ақын Ұлықбек Есдәулетов сол жерде жазылған «Ұлылар» атты сиясы кеппеген су жаңа жырын оқып берді.

– «Өскемендегі ең биік жерге көк туымызды іліп, «Қазақстан» – деп жазып қойдық. Ол күндіз-түні бірден көзге түсіп көрік беріп тұрады», – деді жиында облыс әкімі Бердібек Сапарбаев.

Яғни, бұрын бұл өңірде байқала бермеген ел тәуелсіздігін елегісі келмей, шалқақтағандарды «шаңыраққа қара» деп, тәубесіне түсірудің басты қадамдары өз жемісін бере бастағандай.

Қазақтың аузы дуалы абыздарының бірі, тарлан сыншымыз Тұрсынбек Кәкіш:

«Бұл Абайға ғана қойылып жатқан ескерткіш емес, еліміздің тәуелсіздігінің белгісі. Оның үстіне ескерткіштің мынау Қытайға

орнатылғаны да құдайдың рахымы деп қабылдадық.

Ұлы Абайдың ескерткіші Тәуелсіздіктің баянды бағдары қарсаңында ашылуы да табиғи заңдылықтай сезілді. Абай тұрған бас алаңда өгіп жатқан мерекелік шеру Қазақ елінің рухын бір көтеріп тастаған шара болды. Әсіресе көк жүзіне көк туымыз көтеріліп, тікұшақтар айнала ұшып жүргенде, елдік мақтанш сезімге ерекше бөлендік.

ЕРТІСТІҢ БОЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ КЕШ

Абай ескерткіші ашылған күні түсте қала әкімі Ислам Әбішев алыс-жақыннан келген құрметті қонақтарға Ертіс бойын аралатты. Үлкен ақ кеменен өзен бойлап жүзіп отырған қонақтар Шығыстың шырайлы табиғатына көз жеткізіп, таңдай қақты. Бұл бір ерекше жиын, өнер тойы болды. Қонақтарды жылы жаңбырмен қарсы алған Алтай аспаны сәлден соң нұрын шашып шыға келді. Ақ кемене басталған алкалы жиын екі-үш сағаттан соң Ертістің ең әдемі жағасында жалғасты. Бұл жерде күн батқанша нағыз өнер тойы Ұлы Абайдың бүгінгі ұрпақтарының дарынын танытты. Әйгілі тарландарға жергілікті өнерпаздар да қосылып, Алтай аспаны айшықты ән мен жыра бөленді.

Жыр оқыған қонақтар Сафар Абдулло, Ақбар Рысқұлов, Александр Радионовтардан соң, әйгілі «Қызыл көрпесімен» Әзілхан Нұршайықов ортаға шықты. Жыр додасын Нұрлан Оразалин, Ұлықбек Есдәулетов, Қасымхан Бегманов, Тыныштықбек Әбдіәкімов, Қазыбек Иса, Бауыржан Қарабеков, Әмірхан Балқыбек, Әлібек Шегебайлар жалғастырды.

Ән бәйгесінде Әшірбек Сығай мен Нұрлан Оразалин ағамыздың үйіндегі Фаузия жеңгеміз дара шықты. Би бәйгесінде сықақты Еркін Жаппас ерекше көрінді. Жергілікті өнерпаздар да қарап қалмады. «Әкімдері де әнші екен», деген қонақтар шығыстықтардың шынайы құрметіне шын ризашы

лықтарын білдірді. Ал қала әкімі Ислам Әбішев терең мазмұнды қорытынды сөз сөйлегенде кілен қасқа мен жайсаң жиылған қаламгерлердің өздері де разы болып, «Өскеменге осындай өткір ойлы, ұлттық рухы биік әкім керек болып жүр еді. Бұл кісінің өзі де жазатын болуы керек» деген болжаммен ыстық ықыластарын білдіріп жатты.

Жиын қайтар жолда қайта жалғасты. Бұрынғы белгілі тележурналист, бүгінгі Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Махат Садық та жақсы асабалығын танытты. Абай ескерткішінің авторы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі мүсінші Ескен Сергеев, көрнекті қаламгер Кәдірбек Сегізбаев, әйгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішқызы, «Сын» журналының бас редакторы, белгілі сыншы Бақыт Сарбала, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторы, жазушы Жұмабай Шаштайұлы, ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының



АЛТАЙҒА ҰЛЫ АБАЙМЕН
ҰЛТТЫҚ РУХ ТА КЕЛДІ

Бір Абай ескерткішінің ашылуы аясында қаншама мәдени-әдеби шаралар өткенін ел жақсы

ақтарылған болатын кезекті бір құттықтау сөзінде.

«Шығыс шынары» поэзия фестивалінде ақын Ұлықбек Есдәулет.

– Шығысымыздың шырайы

ланып келеді. Шығысымыздың сәулетін жырлаған осы жырлар композиторлардың қолына тиер ме еді? Әрине, ауызды құ шөппен сүртуге болмас. Алматыда Шығыс туралы әндер дүниеге келіп жатқанын, «Қаламқас» ансамблі, «Серілер» тобы сияқты музыкалық ұжымдардың айтып жүргеніне куә болып жүрміз. Нұрғали Нүсіпжанов ағамыз да «Өскеменім», «Оралхан» атты әндерді жуырда сахнаға шығаратынын айтты. Мұның барлығы «Шығыс шынары» фестивалінің арқасы.

ОҚЫЛҒАН

Абай жырлары

лауреаты Қасымхан Бегманов және т.б. сөз сөйлеп, жыр оқыды.

Бұл тойға шетелден келген қаламдасар да қатысты. Өзіміз куә болған бір жақсылықты айта кетсек, Қытайдың Алтай аймағынан қаламгер Көбен Асқар келді. Жүз жылдығын 2006 жылы Қытай тойлаған, былтыр Қазақстан Жазушылар Одағы мен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы бірлесіп атап өткен, арғы беттегі Алтайда, қара Ертістің басында өмір сүрген әйгілі ақын, қайраткер Көбен Татанайұлының ұлы, өзі де белгілі, зерттеуші Көбен Асқардың сол күнгі таңда тұңғыш ұл немересі дүниеге келіп еді. Көбен ақсақал Абайдың тойында, Ертістің бойында толқып отырып, осындай ерекше той өткізген Ислам Әбішевке ризалығын білдіріп, сол немересінің атын Ер-Ислам қойып отыр екен. Өзімізге де сөз кезегі тигенде осы тосын жаңалықты жариялағанымызда ел дуылдап кетті. Өзі де сөз алған Көбен ақсақал: «Мен Алтайдың арғы бетінен, Ертістің төрінен келіп отырмын. Абайды Қытайда да қатты қадірлейді. Бүгінгі Өскемендегі Абайға жасалған құрмет ұлттық тұрғыдағы зор ерлік деп білемін. Ол үшін облыс пен қала басшыларына алғыс айтамын. Сондықтан осы тойдың қарсаңында бүгін дүниеге келген тұңғыш ұл немеремнің атын Ертіс бойындағы ерекше қайраты үшін Ер-Ислам деп қойып отырмын», - дегенде қатты разы болған ел түгел қоштап, алғыс айтты. Өз кезегінде Ислам Әбішев те қадірлі ақсақалды немересімен құттықтап, алғыс айтып, Абай тойының қарсаңында дүниеге келген Ер-Исламға өкіл әке болатындығын жеткізді.

Қара Ертістің бойында ақ кемемен армансыз жүзген қонақтар Алтайдағы Абай ескерткішінің ашылуын елдеріне жыр ғып айтып кетті.

біледі. Төрт жыл қатарынан өткен «Шығыс шынары» халықаралық мүшәйрасында қанша таланттың тұсауы кесіліп, қанша қазақ әдебиетінің қаймақтары Өскеменге келіп, елмен дидарласты. Алты Алаштан жиналған айтулы жыраулар сайысы Алтай аспанын Алаш сазына бөледі. Қаланың қанша ортасындағы саябаққа іші этнографиялық ұлттық колонер туындыларына толы алып киіз үйді орнатып қойды. Жыл сайын халықаралық мүсіншілер байқауы өтті. Ертістің бойынан осы мүсіншілер сайысында бағаланған мүсіндер орналасқан «Махаббат аллеясы» ашылды. Онда басты мүсін Қозы Көрпеш-Баян сұлудың ескерткіші болған аллеяны 2012 жылы махаббат жыршысы Тұманбай Молдағалиев ашты. Ал содан бірер айда соң Қадыр досының артынан бақилыққа іздеп кеткен Тұмағанмен қаралы қоштасуға Өскеменнен ұшып келіп, толқып тұрып сөйлеген Ислам Әбішевтің сөзіне ел қатты риза болды.

«Шығыс шынары» жыр мүшәйрасы алғаш өтіп, Алтай баурайы жырға бөленгенде, қазақ әдебиетінің классигі Қабдеш Жүмәділов бастаған тарландардың: «Өскеменге Абай келді. Одан соң Абайдың інілері келді», - деп қуанғаны бұл зор рухани шараның Тәуелсіз Қазақстанымыз бен ұлтымыз үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартса керек!

– Соңғы үш-төрт жылдан бері Алтай өңіріне жаратушының ықыласы ауды. Нақтырақ айтсақ, бұл Өскеменге ұлы Абайдың ескерткіші қойылған күннен басталды. Содан бері Өскеменнің бойына қазақтың қаны жүгірді. Мен бұл мүшәйраға осымен үшінші жыл келіп отырмын. Басқа ешбір облыс жоқ, ақындардың республикалық мүшәйрасын өткізіп жатқан, - деп Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жүмәділов ағынан

мен шұрайын келтіріп тұрған, Алтай мен Тарбағатайдың, Зайсан мен Марқакөлдің, Алакөлдің, еркелеген Ертістің, Барқытбелдің Қоңыраулы көлінің барша сұлулығын, өр Алтайға тартып өскен ер мінезді жұрттың тұлғасын жырлап жатқан мұндай фестиваль Шығыс өңірінде ғана бар деп мақтанышпен айтамыз. Кезіндегі Көкшетау, Жасыбай, Алатау, Жетісудың сұлулығы жұртқа поэзия арқылы жетсе, бүгінде Шығыстың сұлулығы да жеке жыр-

Бернард Шоу: «Біз ғылыми прогрестің арқасында аспанға құша ұшуды, суға балықша жүзуді үйрендік. Бірақ адамша өмір сүруді үйрене алмадық» деген екен. Меніңше, адамша өмір сүруге үйрететін дүние – поэзия! Поэзия әрі құрал, әрі мектеп, әрі қару. Колумбияда дүниежүзілік поэзия фестиваліне қатыстым. Онда поэзияны қоғамдағы келенсіздіктермен күресуге, есірткіге қарсы үлкен қару ретінде қолданады. Әлемдік поэзия фестивалін Колумбияны жақсы жағынан көрсету, ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу үшін өткізеді.



Фестивальді осыған дейін 22 мәрте өткізген екен. Менің білуімде, одан кейінгі поэзия фестивалі – Өскеменде өтіп келе жатқан «Шығыс шынары».

Жәлелдин Румидің:

«Мен қаншама адам көрдім, үстінде киімі жоқ,

Мен қаншама киім көрдім, ішінде адамы жоқ» деген сөзі бар. Адамсыз киім жаның жалаңаштығын, жүректің жүдеулігін меңзеп тұрған жоқ па?! Адамның жанын байытатын нәрсе, осы поэзия дер едік. Сондықтан, Абай ағамыз Өскеменге келгелі облыс үздіксіз рухани өсу, түлеу үстінде деп ауыз толтырып айтамыз, - деп толғаған еді.

«Шығыс шынары» халықаралық жыр мүшәйрасы Алматыдағы «Тұран» баспасынан көркем безендірілген көлемді үш жинақ болып жарық көрді.

Құрылғанына 295 жылдығын атап өткен Өскемен қаласының тарихында тұңғыш рет қалалық «Өскемен» қазақ газетінің ашылуы да Ислам Әбішевтың Абай ескерткішін тұрғызығанынан бастау алды. «Өскемен» газеті он мың да намен тарады сол кезде.

Ал Өскемен қаласы басшылығы тарихында қазақ қызметкерлерінің қазақша тіл сіндыруы Ислам Әбішевтың әкім болып келуімен басталады.

Өскеменге біраз ақын-журналистер Исекең әкім болғанда құттықтап келгенімізде ол бізді тікұшаққа салып алып, Алтайдың жапа табиғатын аралатты. Облыс орталығынан Марқакөлді аралап, Мұзтауды маңайлап ұшып, Қатон-Қарағайға қонған уақыт аралығында мен жапа табиғаттан шабыттанып, әуеде жыр жазып үлгердім. Тікұшақтан түскен беттегі дастархан үстінде су жаңа жырды оқып бердім. Исекең қатты риза болып: «Ұлы Абайдың өзі туған облыс орталығына ескерткішін орнатып алдық. Ендеше ақындарға шалқыған шабыт беретін Алтайдың ерекше керемет табиғатын жырлау үшін неге жыр мүшәйрасын өткізбеске?» - деді. Біз әрине, бірден қуана қолдадық. Бұл игі бастаманы кейін ақындар Ұлықбек Есдәулет пен Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Жайлыбайға айттық. Ұлағар бірден айып, басшылық жасап кетті. Қатарынан төрт жыл Алтай аспанын айшықты жырмен тербеген «Шығыс шынары» мүшәйрасы осылай дүниеге келген еді.

Бұны кейін астанаға Су комитеті төрағасы болып ауысып кеткенде мүшәйраға жіберген құттықтауында Исекең:

– Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дегендей, «Шығыс шынары» бәйгесі мен үшін өзгеше аяулы Алтайдың баурайында өткен аз ғана жылдардағы Шығыстың шынайы келбетіне таңқалғанда туған бастама еді. Бүкіл түркінің төркіні болған асқар Алтай бүгінде жыр ордасына айналды.

Жүрегімнің жартысы қалған жауһар шаһарда жүрек қозғар жыр бәйгесі болып жатқанда, дүлдүлдер дүбіріне алыстан құлақ түріп қана жата беруге шыдамай, аппақ көңіл толқынымен ақжарма лебізімізді ақтарып жатқан жайымыз бар...

Ұлы ақындарымыз Қадыр мен Тұманбайдың ақ батасын алған, қаншама таланттардың қанатын қатайтып, поэзия әлеміндегі жаңа есімдердің жарқырауына сеп болған «Шығыс шынары» халықаралық жыр мүшәйрасының руханият әлеміне берері мол деп білемін.

(Жалғасы 12-бетте)

(Басы 10-11-беттерде)

Жұлделі жүйріктер мен өрнекті өлеңдерін құттықтай отырып, Абайдың інілерінің жыр бәйгесіндегі дүбірі алысқа жете берсін деп тілеймін! – деп атап өтеді.

Асқар Алтайда асқақтап тұрған Абай ескерткішін көрген сайын сол бір керемет рухты кезең еске түседі.

Бытыр Ташкентке барғанда өзбектің жас ақыны Фахриддин Хайит Абай ескерткішіне алып барып көрсетті. Қазақ елшілігі орналасқан ғимарат алдына салынған еңселі ескерткіш екен, ішім жылып қалды! Өзбектерде монументальды мүсін өнері жақсы дамыған. Әдебиетшілер алаңындағы



деп ашынған Алаш арыстары ұлт болашағына ең үлкен қатердің қайдан келе жатқанын да жақсы ұғынып, саяси көрегендікпен сақтандыра білді.

Қазақтардың өз тілін ұмытып қалғанын өз көзімен көріп кеткен, «Абай екеуіміздің арамьзда бала жоқ» дейтін, кеше ғана арамьзда жүрген Қазақтың Қадырының да:

Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте! – деген елге әйгілі егіз жолының орындарын ауыстырып:

«Өз тілінді бәрің біл,
Өзге тілді құрметте!» – деп жазу ойында кеткен болар деп ойлаймыз.

Абай тойы – Алаш тойы!
Абай тойын – Ұлы ақын ұлағатын ұлттық тұрғыдан ұға білудің жарқын рухани дүниесіне айналдыра білуіміз керек. Бұған бәріміз де атсалысу ұлттық парызымыз!

Ал енді биылдан бастап, данышпан ақынның туған күні – 10 тамыз – Абай күні болып белгіленді.

АБАҚТЫДА ОҚЫЛҒАН

Абай жырлары

Шығыстың ұлы ақыны Әлішер Науайыдан бастаған қаламгерлерге орнатылған ескерткіштерді көрсен, әуесің кетіп, басың айналады...

АБАҚТЫДА ОҚЫЛҒАН АБАЙ ЖЫРЫ

Қоғамда тудырған зор резонансымен былтырғы жылды жазықсыз жала жабылып түрмеге түскен Ислам Әбіштің жылы болды десе де болады. Оған «Қазақ үні» сайтындағы Ислам Әбішке араша сұрап, Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевқа жазған Ашық хатты қолдап, ұлт зиялылары бастаған 200 мыңға жуық адам қол қойғаны да дәлел болады.

Барлық отырысында да елдің белгілі зиялылары мен тілектестер толып отыратын Ислам Әбіштің әр соты Қазақ тілін қорғау және Қазақ жырын қолдау алаңына айналып кетіп жүрді.

Сотты жүргізген Қ.Мекемтасты екі бет қағаздан Қазақ тілінен 76 кате жібергені үшін екі рет, оған араша түсуші сот Шаяхметованы да қазақша сөйлей алмағаны үшін бір рет, жалпы үш рет сотқа сенімсіздік білдірілді. Бұл Қазақ соты тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға!

Сот залындағы осындай үзілістерде жыр мүшәйрасын Ислам көкеміздің өзі бастап жібереді. Ұлы Абайдан бастап, Дағыстанның ұлы ақыны Расул Ғамзатовтың қызырымен қостап, қазақтың белгілі ақындарының біразының құлағын шулатады. Содан соң қоршау терезенің ар жағынан:

«Ал Қазыбек Иса не дейтінін тыңдандар» деп:

Жүрдім, жүрдім, жүрдім де,
Кетіп қалдым бір күнде...
Немектілеу ағайын,

Неге кеттім, білдің бе» – деп, менің белгілі өлеңімді де нәшіне келтіріп тұрып, шабыттанып оқып береді. Содан соң залда отырған ақындардан өлең сұрайды. Мен өз кезегімде Искеннің өзіне арналған «ЕРДІҢ ҚҰНЫ – ТРИЛЛИОН!» жырын оқып беремін.

Мұны естіген қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Исекең туралы арнайы мақала, айшықты жыр жазған Темірхан Медетбек: «Сот залын мүшәйраға айналдырып жібергенсіңдер ме? Жыр оқылған жерде жақсылық болады. Жақсылықтан басқа жасағаны жоқ Ислам ініміз жайлы жақсы хабар күтеміз» – деп хабарласып жатады...

Мен бұл сот залындағы жыр оқылуын неге еске салып отырмын?!

2018 жылы ақын Серік Сейтманның бастамасымен Алпамыс батыр жырын бүкіл еліміз оқып шығып еді. Бытыр ұлы Абайдың биылғы 175 жылдығына байланысты өлеңдерін оқуды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бастап, оны елдің бәрі жалғастырып өкетті. Белгілі саясаткер Әлихан Баймен Абай өлеңін нақышына келтіріп оқып, эстафетаны маған да жолдаған еді. Әлекеннің эстафетаны жолдаған төрт адамының ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасы Алик Шпекбаев та бар екен... Менің де ұлы ақынымыздың

Мен де мақаламның түйінін осыдан ширек ғасыр бұрын 1995 жылы жазылған жырыммен, яғни Менің Абайыммен қорытқым келеді.

АБАЙ

Түзелмесе ел – түзелген сөзді ұғар кім?
Түңілген соң ұмытып кезді жарқын,
Жатып апты жақ ашпай жан адамға,
Қайран Абай алдында көз жұмардың.

Сұм дүниенің сырт берген сұрқын көріп,
Ылажсыздан алды ма ыркын беріп...
Үнсіз қалған жұмбақ жан сөзді ме екен,
Үн қатарын әлемге бір күн келіп...

Сыбырластың сырластан сыйы бөтен,
Сынық көңіл сияр ма үйіне кең...
Оразбайдың қамшысы күйік емес,
Оянбай ел жатқаны қиын екен...

Сірі қалып, сіреспе, сілкінбеген,
Ұлағатты ұқпаса, ұлтын керен...
Мұхит жырдың түбіне бойладық па,
Беті тұнық, тереңі бүлкілдеген...

Тіл қатпадың, тіл алмай тілмар халқын,
Айыра алар асылдың кім бар парқын...
Мұң-қайғыға уланып мұнар тарттың,
Мұқым елің өзгертпей мұндар қалпын...

Тұйықталды тым-тырыс тылсым кеуде,
Кеменгердің қай сырын білсін пенде...
Жалын көміп кетіп
Шыңғыстауды,
Жарлы емес, зарлы ақын күрсінгенде...

Енді бүгін еліңнің ең керегі –
Сақал бояр саудасы дөңгеледі,
Пұлды болсан құндыға тенгереді,
Дарындыны қарынды кем көреді.
Өзгеше ыстық қарайтын өркенің көп,
Өзіңе емес...бейнене тенгедегі...

Қалмау үшін қалғумен жолда құлап,
Тірілген жүр тірлігін зорға құрап...
Есек артын жууда есті біткен,
Оңайлықпен табылмас ол да бірақ...

Күйінумен көңілің қуыс керней,
Демеу берер деміксең туыс нендей?..
Уылжыр дәм уыста еріп кетіп,
Уылады тандайың у ішкендей...

Демі азайып жатса да күнде мейлі,
Дерттізар ғып буса да жыр көмейді,
Үгітінен үміті үзілді ме,
Үндемейді ұлы ақын, үндемейді...

Сендей дана тудырған ұлы елімді,
Түгел танып дүние біле білді.
Айтпай кеткен алайда соңғы сөзің,
Бүгін менің қинап жүр жүрегімді..



төрт өлеңін оқып, жолдаған төрт адамымың бірі – халық қазынасынан триллион үнемдегені үшін.. түрмеге түскен, Шпекбаев басқаратын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі тергеушілері екі рет инфаркт алса да, ұйқамқақ шығармай қамауда ұстап отырған, әкімдердің ақыны атанған, абақта намаз, әкімдердің ақыны атанған, сыытпай оқып жатқан Ислам Әбішев болды. Абай жырын оқу эстафетасын түрмеде қарсы алған Исекең адвокаты Абзал Құспанға Абай жырын жатқа оқып береді. Абай түгілі құдайда да шаруасы жоқ тастурмедегі тастай күзетшілер оны видеоға жазып алатын телефон құралын пайдалануға рұқсат бермей қояды. Абай ағамыздың: «Қайран сөзім қор болды-ау!..», – деген шумағын еріксіз айтуға мәжбүр болған Исекең Абзалға өзі оқыған жырды елге жеткізуді тапсырады.

Абзал Құспан аманатты орындап, Абай жырын оқып, бейнебаянға түсірді. Ол «Қазақ үні» ұлттық порталында жарияланды.

Сонымен Ислам Әбіш абақтыда жатса да Абай жырын оқыды. Ал Алик Шпекбаев Абай жырын оқыды ма, оқымады ма, ол жағы беймәлім...

АБАЙ ТОЙЫ – АЛАШ ТОЙЫ

Биыл еліміз үшін ерекше жыл – Ұлы Абайдың 175 жылдығы!

Абай десе – қазақ деп, қазақ десе – Абай деп біледі ел қазір.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасын тереңнен теріп, жыр маржанын шаша білген дананың дара тұлғасын асқақтату жолындағы шаралар жыл басынан бері басталып кеткені анық.

Алдымен 2020 жылдың 9-шы қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көргені белгілі.

«Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бірі көңейтіп, тухуа үшін емес, ой-өрісімізді бәріміз ойлауымыз үшін өткізілімек»- деп мемлекет басшысы Абай мерейтойының бағыт-бағдары мен маңызын айқындап берді.

Абай тойы былтырдан бері басталып кетті. Абай жырларын оқуға Президенттен оқушыға дейін атсалысты. Яғни, бір жыл бойы ұлы Абай жырлары мен қарсаңдарын қайта бір салмақтап, саралап, бүгінгі күні де маңызы арта түскеніне көз жеткізді.

Қазір «қорқыт дегенде, осылай қорқыт дедім бе?» дегендей, кейбір әсіре белсенділеріміздің Абайдың «Орыс тілін білу керек» деген сөзіне жармасатындары көбейді. Ұлы Абай егер қазақтар өз тілін ұмытып қалатынын білгенде, елді ілім-білімге шақырған бұл сөзін айтпас еді деп ойлаймыз. Қазақты еліктеу, солықтаудан, соның ішінде кесір-кесепат, кедергі, келенсіздіктен тыйып, «Бес нашар істен сақтандырып, негізгі «Бес асыл іске» шақырып келген ұлы ақын хәм хакім ең басты мерездіктен – ұлтты өз тілін ұмытып қалудан сақтандыра еді... Ол заманда Еуропалық дамуға шығар жолда жатқан ең үлкен іргелес ірі елдің үстінен аттап немесе ұшып өтіп кете алмайтынын қандай анық болса, саяси бодандығын тағы бар, «орыс тілін» орағытып өте алмайтынымыз бесенеден белгілі жәйт болатын. Әйтпесе, Орта Азиядағы ең бірінші заманауи нағыз партия бола білген, саяси бағдарламасының ең басты бағыттары ұртшылдық – Жер мен Тілдің мүддесін қорғау болған Алаш көсемдері Абайды «Қазақтың бас ақыны» (Ахмет Байтұрсынұлы) деп бағалап, өздеріне ұстаз тұтар ма еді... «Бала қай тілде оқыса, сол ұлтқа қызмет етеді» (Жүсіпбек Аймауытұлы)

КАК БЫ БАЙТУК НЕ ЗАЛОЖИЛ МАНДАТ ДЕПУТАТА МАЖИЛИСА В ПИТЕЙНОМ ЗАВЕДЕНИИ...

Внутрипартийный праймериз «Нур Отана» бросается в глаза большой активностью участников в социальных сетях. Кто во что горазд! Особенно отличился небезызвестный блогер «Б». Известный своей эпатажностью, Галым Байтук не расстался с «блогерской» лексикой и приемами даже нацеливаясь на депутатское кресло Мажилиса. При этом у него проявляясь желанием депутатское кресло перед новым хозяином – бывший акжоловец решил вступить депутатов «Ак жол» из стана прямых конкурентов. Что только не сделаешь ради праймериза!

БЛОГЕР, КОТОРЫЙ НЕ МОЖЕТ ПРОЧИТАТЬ ЗАПРОС ДЕПУТАТА

Вот отрывок из наделавшего большой шум поста блогера от 9 сентября: «Фракция партии Ак Жол решила после четырехлетней вялотекущей политической мастурбации показать себя во всей красе перед новым электоральной кампанией! Вот например сегодня, гневной тирадой разразилась депутат фракции Мин Жол Дания Еспаева в адрес Еспаева образования и науки! Проверить все с 2016 года, особенно по цифровизации и информатизации учебных заведений и подвергнуть публичной экзекуции министра А.Аймагабетова, требует Еспаева! И вроде все правильно и актуально, но есть несколько моментов, которые отнимают минимум 50% коэффициента искренности этого запроса. Шестой созыв Мажилиса в котором депутатом является Дания Еспаева, как раз таки работает с 20 марта 2016 года, что является тем сроком, за который требует проверить МОН госпожа депутат. Где были то раньше? Что тогда в 2016 или в 2017, ну 2018, или по крайней мере в 2019 не требовали, того, чего озвучили сегодня?»

И это пост человека, который хочет стать депутатом Мажилиса! Ведь он показал себя полным профаном, вообще не знакомый с законодательной работой парламента, фракции ДПК «Ак жол», не в курсе депутатских запросов и т.д.! Байтук даже не удосужился внимательно прочитать само выступление Дании Еспаевой.

Ведь в ее выступлении говорится, что депутатская фракция ДПК «Ак жол» неоднократно обращала внимание МОН и правительства на неудовлетворительное состояние цифровизации в системе образования, отсутствия устойчивого Интернета во многих школах, провалах в реализации цифровых образовательных проектов и т.д. Это далеко не риторические, а вполне конкретные вопросы, которые акжоловцы поставили в письме фракции министру МОН от 29 июля т.г.

Вместо того чтобы поддерживать депутата, которая ищет народные деньги, выделенные на дистанционку, Байтук выступил против этого депутатского запроса. За такое выступление его должны выгнать из республиканской Антикоррупционной специальной мониторинговой группы...

Дело в том, что подобные запросы и выступления на актуальные темы депутатов «Ак жол» в порядке вещей, и они звучат постоянно, а не накануне выборов, как представил Байтук. Например, в июне партия «Ак жол» раскри-

тиковала Минздрав за ухудшение ситуации с коронавирусом. В июле депутаты написали письмо министру МОН о проблемах цифровизации в системе образования, и после молчания МОН 9 сентября депутат Дания Еспаева обратилась с запросом уже к премьер-министру.

К тому же Байтук захотел ввести в заблуждение своих подписчиков и приврал: будто Еспаева требует подвергнуть публичной экзекуции министра А.Аймагабетова. Видимо, судит по себе. У Еспаевой лишь «Привлечь к ответственности должностных лиц МОН, уклоняющихся от предоставления депутатам запрошенной информации» – это стандартная депутатская формулировка при отсутствии реакции государственных органов на обращения.

Надо отметить, что партия «Ак жол» своевременно реагирует на те или иные проблемы в системе образования. Например, в прошлом году партия «Ак жол» поднимала вопрос, почему взимается плата за «Кунделік», а летом 2015 г. депутат Азат Перуашев обвинил Министерство образования и науки в неспособности выполнить поручение президента по проведению аккредитации вузов. Тогда был острый конфликт, через два дня министр Аслан Саринжипов ушел в отставку. Партия «Ак жол» и министра Сагадиева раскритиковала; в целом критиковала МОН с тех пор, как Байтук стал членом партии.

У депутатов – работа в парламенте, и основная работа депутатов – это выступления в стенах парламента, это депутатские запросы, а не работа в социальных сетях. По количеству выступлений и запросов фракция ДПК «Ак жол» лидирует, не говоря об их актуальности.

Такое положение в свое время признал депутат Мажилиса Каирбек Сулейменов, тогда глава Республиканского общественного совета по противодействию коррупции при партии «Нур Отан», на заседании 12 июня 2014 года: «Я должен сказать, что у нас во многих регионах работа налажена очень неплохо. Вопросы защиты предпринимательства партия «Ак жол», я должен признать, к сожалению, как представитель партии «Нур Отан», она (партия «Ак жол») более активно работает в этом направлении. Мне докладывают, что предприниматели, обращаясь в представительство партии «Ак жол», чаще находят там, к сожалению, поддержку,

чем в уже бюрократизированной во многом нашей партии «Нур Отан». Не могут попасть к акиму, а аким – первый руководитель партийного филиала. К нему сложнее попасть и решить проблему, чем к представителю партии «Ак жол». Там (в «Ак жол») хотя бы сочувствие находит, а здесь (в «Нур Отан») он вообще попасть не в состоянии».

КАК БЫ БАЙТУК НЕ ЗАЛОЖИЛ МАНДАТ ДЕПУТАТА МАЖИЛИСА В ПИТЕЙНОМ ЗАВЕДЕНИИ...

Интересную информацию о депутатском прошлом Байтука передал журналист Стас Киселев на своей странице в facebook от 10 декабря 2018 года: «Неделю назад всей стране стало известно, что блогер Байтук, известный в Казахстане сколь громкими, столь же и пустыми затеями, не исполняет решения суда и не выплачи-



вает 9-миллионный долг своим кредиторам. Но, оказывается, блогер Б легко относится не только к гражданским обязанностям и деньгам. В своем депутатском прошлом Байтук не гнушался использовать народный мандат в качестве закладной. Об этом рассказывает петропавловский депутат Павел Афанасьев.

По словам Афанасьева, Галым Байтук несколько раз закладывал мандат в кафе, когда не мог рассчитаться, и Афанасьев выкупал его. В конце концов, мандат оказался у арендодателя, который предоставлял офис. Оказалось, Байтук оставил его в залог вместо оплаты, сказал арендодателю, что оплатит Павел.

Павел Афанасьев уточнил, что любитель закладывать депутатский мандат в кабаках Байтук – единственный человек, которого насильно и заочно лишили депутатского мандата. Когда Байтук был депутатом в законодательном собрании Петропавловска, он забыл о том, что у него есть избиратели! В связи с этим Байтук был

лишен мандата за потерю связи и неисполнение обязанностей.

Оказалось, депутат городского маслихата, попросту уехал в Астану делать карьеру уже там, хотя по закону депутат должен проживать в Петропавловске. Он долго это скрывал, и вместо него избирателей принял Павел Афанасьев. Лишенный депутатского мандата городского маслихата, Байтук по-прежнему пользовался своим бывшим положением, но уже в Астане, где пользовался оставшимся депутатским значком, например, когда надо – с полицией.

При этом закладывать депутатский мандат Байтук считает нормальным явлением – теперь он подумывает, куда бы заложить возможный мандат депутата Мажилиса! Об этом он сообщил в одном из комментариев в facebook. Ведь в парламенте возможности очень большие по сравнению с городским маслихатом. На вопрос Андрея Чеботарева: «Скажи честно, Галым, думаешь сейчас о стране или о себе любимом?» Байтук честно ответил: «Андрей Чеботарев, думаю куда заложить мандат, чтобы злоупотребить алкоголем».

В самом деле, как бы Галым Байтук не заложил мандат депутата Мажилиса в питейном заведении где-нибудь в Европе, у нас-то привыкли к этому...

На вопрос о долге перед кредиторами, будущий депутат Мажилиса ответил, мол, кто сейчас без кредита, но при этом скромно умолчал о решениях суда.

Конечно, трудно понять тот факт, что избираясь в праймериз другой партии, вступая в другую партию, очернять, поливать грязью партию, в которой сам когда-то был членом. Как это понять? У казахов говорят «су ішкен құдығына түкірме». Получается, когда он был в партии «Ак жол», все было хорошо, а когда ушел, стало плохо?

Удивительно, но когда надо, Байтук вспоминает о своем членстве в «Ак жол», об этом недавно сообщил в интервью: «Да. Руководжу фондом «Республика-Регион-Развитие», веду свой блог на фейсбуке, где выкладываю достаточно ужасные публикации для власти, но осталось во мне что-то «акжоловское» – это конструктив».

ЭТО ТОТ СЛУЧАЙ, КОГДА «СИЛА ЕСТЬ – УМА НЕ НАДО»

Как настоящий блогер, Байтук не гнушается «сексуальной» лексикой, вроде «мастурбации», желает показать себя таким альфа-самцом с сильными руками, народным трибуном, готовым к драке в Мажилисе, выражает свое любовь к представителям ЛГБТ и т.д. и т.п. Участие в праймериз популярного блогера так завертело, что он, видимо, совсем потерял голову, полагаясь лишь на сильные руки. Недаром название его программы – «Сильные руки»... Видимо, это тот случай, когда «сила есть – ума не надо»...

В целом отбор на праймериз «Нур Отана» мне лично понравился. Это шаг вперед. Сколько новых кандидатов появились! Среди них немало тех, которые раньше, как огня, избегали «Нур Отан», и вдруг переметнулись на сторону этой партии. Но среди инициатив есть и требование закона о государственном языке (Бейбит Оспан, Айдос Жуканулы и др.) – это защита национальных интересов, о чем Байтук даже не додумался (потому что его программа – «сильные руки»).

Одно хорошо – праймериз показывает, кто есть кто, и срывает маску с людей вроде Байтука. Конечно, это поможет в окончательном отборе на праймериз.

Блогер, не известный в казахскоязычном сообществе, подвергся критике за критику «Ак жол» и стал этим известным. Журналист (не блогер) Азамат Таскараулы сделал «знаменитого» блогера понастоящему популярным, поразив его одним ударом...

В итоге Галым Байтук – свой в доску избирателям! Недаром Казахстан – в лидерах по кредитам, по употреблению спиртного и т.д., и народу нужен такой депутат – любитель выпить, любитель противоположного пола, депутат-должник и т.д.

Праймериз высветил актуальные тренды отечественной публичной политики. У многих кандидатов наблюдается недостаточность знаний в области управления собственным имиджем. Но ради хайпа некоторым и не нужен имидж – Галым Байтук не нужен имидж самого себя, без прикрас. Благо, уже был опыт депутата...

Похоже, Байтук путает платформу социальных сетей с политической ареной...

Айкын Ойратович, красный коммунист, хочет повернуть вспять колесо истории?!

В независимых республиках бывшего Союза, рано или поздно, усиление ДЕКОММУНИЗАЦИИ является одновременно исторической и естественной закономерностью!

В нашей стране тот факт, что коммунисты все еще находятся в парламенте, парадоксален – это же то самое, если бы убийцы лучших представителей нации выносят приговор этой нации, или если дать право вынесения судебного приговора кровожадному убийце.

В 1922 году, когда духовному лидеру Алаша, учителю нации Ахмету Байтурсынулы исполнилось пятьдесят, пришел и выступил Сакен Сейфуллин, который в то время был главой правительства. Он высоко оценил многогранность личности Ахана: «Ахмет Байтурсынулы – настоящий националист,

НАСТОЯЩИМ НАЦИОНАЛИСТОМ – это священный долг, сыновний долг!

Ненависть и резкое осуждение истинного национализма, то есть любви к нации, является яркой демонстрацией, что коммунисты – настоящие враги нации.

В независимой стране обвине-



Казыбек ИСА,
член Национального
совета при
президенте РК

по-настоящему любящий свою нацию».

Если Сакен Сейфуллин, известный как «красный сокол», противник Алашорды, так высоко оценил одного из лидеров Алаша, то это означает, что **НАЦИОНАЛИЗМ** в то время был высшей ценностью. Спустя сто лет мы тоже считаем национализм высшей ценностью. Другими словами, до кровавой кампании коммунистической советской империи против наций национализм был ярким признаком любви к нации, служения народу.

Будто боясь тени коммунистов, у нас до сих пор нет радикального национализма, готового к выступлению! А что приведет к нему страну? Радикальный национализм может быть вызван не только тем, что власти игнорируют интересы нации, но и тем, что работают против него. То есть рост радикального национализма зависит только от действий властей. Помните, чем сильнее вы нажимаете на пружину, тем сильнее она становится и сильнее отскакивает, как бумеранг!

Национализм – это любовь к нации. Тогда вина «радикального национализма», в котором обвиняют националистов коммунисты, – это великая любовь к нации, это настоящий национализм!

Для страны и для меня **БЫТЬ**

в национализме, как в бывшем Советском Союзе, ясно дают понять, что коммунисты – марионеточная организация, управляемая приказами из-за рубежа. Вот где Комитет национальной безопасности должен быть бдительным!

Проявление политической недальновидности – допустить в парламент коммунистов из ушедшего прошлого, которые выступают против позиции независимости. Это настоящий парадокс, которого нет ни в одной другой стране!

ОТ КОГО МЫ ПОЛУЧИЛИ НЕЗАВИСИМОСТЬ?! От Советского Союза во главе с Коммунистической партией! Получается, главная цель этих коммунистов – противодействовать национальной независимости!..

И вообще, эти коммунисты знают, что прошло 30 лет, как Казахстан обрел независимость? Или думают, что мы до сих пор живем в кровавой советской империи? Но можно понять, что псевдо-интернационалисты вроде коммунистов и Копбаева не знали, что Казахстан обрел независимость. Потому что, как и наше правительство, они требуют от граждан страны знания двух-трех языков, но при этом они сами все еще говорят на том же одном языке, как и в советское время. Так же они все еще у власти, в

парламенте. Как и прежде, они планируют социалистическое соревнование по поимке «врагов народа», пугая страну национализмом...

Например, нет ни одного депутата от Коммунистической партии в числе 122 тысяч человек во главе с всемирно известными деятелями Казахстана, подписавшими Обращение с требованием Закона о государственном языке на сайте «Казак үні». Что показывает этот факт?

Отметим несколько сногшибательных предложений, мнений этих людей, которые являются депутатами парламента почти десять лет. Айкын Ойратович Конуров, выполняя российский заказ, заявил, что ЕАЭС нужна единая валюта; предложил установить цену на хлеб в 300 тенге, когда многие наши граждане изо всех сил пытаются свести концы с концами; а ныне потерял сон из-за призрака национализма, который депутатом объявлен врагом. Ирина Смирнова печалилась, что Казахстан дальше уходит от «русского мира». Жамбыл Ахметбеков категорически противился постановке вопроса о государственном языке в Национальном совете. Владислав Косарев, старейший коммунист, ранее бывший против национальных интересов, ныне благополучно засыпает в Мажилисе.

Естественно, коммунисты не поддержали государственный язык независимой казахской республики! Ведь они подавляли национальные интересы, казахский язык 70 лет в советской империи, 30 лет в независимом Казахстане, в общей сложности 100 лет – так почему бы теперь не возобновить основное направление программы?!

Вместо того чтобы в агрессии в Украине, Грузии и Молдове обвинить Россию, которая действовала в русле намерений коммунистической империи, коммунисты должны быть настоящими агрессорами или «сойти с катушек», чтобы обвинять те страны, которые потеряли часть своей территории!

В стране численность населения еще не достигла 20 миллионов, потому что в свое время казахи пострадали от китаевцев в глазах, от ойратов и русских – в степях, между 1916-1986 годами казахи разбредлись, их численность катастрофически уменьшилась от войн, разрухи, голодомора – геноцида, репрессии против интеллигенции, кровавой прощадии Желтоксана. И главные виновники бедствий народа – большевики-коммунисты. Прекратится ли позор, когда в парламенте независимого государства красноречивуют красные коммунисты и когда они переста-

нут устраивать пляски на костях миллионов?!

31 мая этого года, в День жертв политических репрессий и голода, партия «Ак жол» обратилась в парламенте с просьбой признать трагедию голода «геноцидом против нации». И в этом случае коммунисты выдали себя с головой, подняв шум.

Теперь коммунисты во главе с депутатом от красных коммунистов Айкын Ойратовичем написали открытое письмо в Генеральную прокуратуру с требованием провести тщательный анализ деятельности националистов, а «самых воинствующих националистов необходимо воспринимать в качестве пособников внешних игроков», как «угрозу национальной безопасности». Используемая лексика, поиск врагов, Обращение в Генеральную прокуратуру показывают жажду коммунистов нового «красного террора», как при коммунистической власти!

ПОТОМУ ЧТО ОЧЕРНЯТЬ ЛЮБОВЬ К НАЦИИ МОГУТ ТОЛЬКО ЕЕ ВРАГИ!

БЫТЬ НАСТОЯЩИМ НАЦИОНАЛИСТОМ – СВЯЩЕННЫЙ ДОЛГ!

Такой вывод – это всемирно известный принцип!

Борьба с националистами – бедная песня коммунистов!

Коммунистов можно поблагодарить за их шум: «Держи вора!» Как говорит старая мудрость, громче всех кричит «Держи вора!» сам вор. Спасибо, что напомнили нам, что мы забыли забить последний гвоздь в обитый красным бархатом гроб красного коммунизма, руки которого были залиты красной кровью!

КОГДА КОММУНИСТЫ ПЕРЕСТАНУТ УСТРАИВАТЬ ПЛЯСКИ НА КОСТЯХ МИЛЛИОНОВ?!

ОЧЕРНЯТЬ ЛЮБОВЬ К НАЦИИ МОГУТ ТОЛЬКО ЕЕ ВРАГИ!

БЫТЬ НАСТОЯЩИМ НАЦИОНАЛИСТОМ – СВЯЩЕННЫЙ ДОЛГ! ЗНАЮТ ЛИ КОММУНИСТЫ, ЧТО КАЗАХСТАН ОБРЕЛ НЕЗАВИСИМОСТЬ?!

Коммунистам стоит для начала покаяться за репрессии



КНПК выпустила открытое письмо с заявлением «КНПК: деятельность радикальных националистов деструктивна и должна рассматриваться как угроза национальной безопасности».

Когда коммунисты начинают писать про национализм в Казахстане, они делают это неспроста. Ведь у коммунистов огромный опыт по борьбе с национализмом. Особенно с казахским.

90 лет назад коммунисты под лозунгами борьбы с казахским национализмом и казахскими националистами уничтожили тысячи людей

в Казахстане. В первую очередь, интеллигенцию. Ахмет Байтурсынов, Алихан Бокейханов, Мыржақып Дулатов, Мухамеджан Тынышбаев, Магжан Жумабаев, Сакен Сейфуллин, Ильяс Жансугуров, Сеймбет Майлин, Санжар Асфендияров, Султанбек Ходжанов, Турар Рыскулов, Смагул Садвакасов, Абдрахман Байдилин и другие были названы казахскими националистами и фашистами. 25 тысяч человек были расстреляны, более 100 тысяч посажены в ГУЛАГ.

33 года назад коммунисты обвинили весь народ в национализме. В 1987 году Постановлением

ЦК КПСС «О работе Казахской республиканской партийной организации по интернациональному и патриотическому воспитанию трудящихся» было прямо сказано о казахском национализме в КазССР. И вот сейчас коммунисты опять сели на свою любимую тему «Казахского национализма».

Может прежде, чем писать и говорить об этом, коммунистам стоит для начала покаяться за уничтожения людей, за тюрьмы, пытки, репрессии, за клеймо «казахских националистов»?

Нурлан СУЛТАНОВ

— Бекжігіт Кенжебекұлы, асқаралы алпысқа келіңіз. Құттықтаймыз! Осы жастың бергені жайында кен көлемде айтып берсеңіз?

— Жоғары оқу орны саласында қызмет етіп жүргенімізге биыл жиырма төртінші жыл. Осы жылдар аралығында ұзақ жылдар доцент, кафедра меңгерушісі, декан орынбасары, директор орынбасары қызметтерін атқарды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кандидаттық диссертациямызды қорғадық. Бұдан өзге ғылымға қосқан еңбегіміз ескеріліп, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының және Аймақтық Менеджмент Академиясының академигі атаныпты. 2010 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болдық. Мүйізі қарағайдай докторлардың өзі өздері басылатын индексі жоғары халықаралық импакт-факторлы журналдарда он бір мақаламыз шығыпты. Яғни, мұндай журналдарда жарық көрген мақалаңыздан әлемнің кез-келген ғалымы сілтеме алып, өз мақалаларына пайдаланып, ғалым ретіндегі хиршалық индексіңіз көтеріліп отырады деген сөз. Бұдан өзге халықаралық, республикалық ғылыми басылымдарда жүзден астам ғылыми мақаламыз жарық көріпті. Үш монографиямыз, жоғары оқу орындары пайдаланып оқытып жатқан бес оқулығымыз, отыздан астам оқу-әдістемелік құралдарымыз бар екен. Міне, осыдан екі жыл бұрын ие болған профессорлығымыз осы еңбектеріміздің өтеуі. Шет елде ғылыми дәрежеден гөрі ғылыми атағы бар ғалымды ерекше құрметтейді. Өйткені оның жай қорғала салмай, тәжірибемен, еңбекпен келетінін олар жақсы біледі.

— Сіз сазгерсіз. Бүгінгі күні эстрадада айтылып жүрген әндерге көңіліңіз тола ма?

— Әнде кінә жоқ. Ол әр сазгердің төл туындысы. Эстрада да кінәлі емес. Ол әуенді жеткізудің қазіргі заманғы жаңа формасы. Мәселе сол эстрадалық әндердің ұлттық нақышында. Байқайсыз ба, шет елден ән ұрлап, оған қазақша сөз жазып, арзан ұпай жинау тенденциясы қалыптасып барады. Мұндай «жиендікті» Ақылбек Жеменей мен Асқат Тарғындар бастап еді, қазір өздерін қазақ эстрадасының жарық (жай емес) жұлдыздарымыз деп жүрген барлық әншілер бірінен соң бірі жалғап жатыр. Осыдан соң қазақ әуенінде не қадір-қасиет қалады дейсің? Кейінгі жастар шығыс ырғақтары мен латын американдық әуендерге «сусындап» өсіп жатыр. Ертеңгі әуеніміздің қалай боларын бір Құдайдың өзі білсін. Енді елу жылдан кейін Біржан мен Ақандардың әнін естіген немере-шөберелеріміз галактикадан құлағымызға біз естімеген бір әуендер келіп жатыр екен деп таң қалатыны сөзсіз.

Осы «жұлдыз» деген атауды, мадақ па, мақтан ба, әйтеуір, әншілердің иеленіп алғанына кәйранмын. Шетелде әнімен әлемге танылған, дүйім ел аузынан суы құри тыңдайтын Уитни Хьюстон, Джо Дассен, Патриция Каас, Кэти Перри, Таркан, Мұстафа Сандал, Энрике, Ализе сияқты небір айтулы әншілер бар. Өзіміздің Абығұлді, Ескендірді, Нұрғалиды алыңыз. Бұған Диамашты қосыңыз. Бірақ олар, неге екенін білмеймін, өздерін жұлдыз санамайды. «Жұлдыз аспанда болмай ма?» деп күледі.

Ал, біздегі әншілер сахнаға «жұлдыз» деп шақырмасаң, біртүрлі бұртиып қалатын болып жүр. Өзін «ұлы дала баласымын» деп дәріптейтін әншілер де бар. Кейде телевизиялық таңғы шоу бағдарламаларда жүргізушінің есінен шыға бастаса, «мәселен, біз сияқты жұлдыздар» деп есіне салып отыратын әншілер де кездеседі. Сонда не? Қолдан танымалдылық жасау ма? Оның ар жағында той-бизнесіне деген бәсекелестіктің құлағы қылтып тұр. Қазір тоқтап тұр ғой, әйтпесе

емес пе? 12-14 куплеттік ән жазатын сазгерлерді де білемін. Қысқасы, әннің тыңдарманды мезі етпей, рахатқа бөлегенін қалаймын. Өз басым әлдебіреулер сияқты алдын-ала жоспарлап, тапсырмамен ән жазған емеспін. «Сүйіктіме», «Ғашығым» деп ән жаза беретіндер көп ғой. Ән жоспарсыз, жүрек әмірімен тууы тиіс. Ал жүректің ән табуы өте сирек. Содан да болар, менде аз. Осы «менің пәлен жүз әнім бар» дейтіндерге таң қаламын. Ел айтпаған ән — ән емес. Кейде

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері:

БИЗНЕСКЕ АЙНАЛҒАЛЫ БЕРІ ЖӨНІ ТҮЗУ ӘН ТУУДАН ҚАЛДЫ



тойдың әншілер үшін баюдың негізгі көзі бол — ғаны қашан. Бұрын ата-әжелеріміз «әртис деген не, тәйірі... қаңғып көшеде қаласың ғой» деп ұрсушы еді, енді әншіден бай адам жоқ. Байшкештер мақтан үшін сол «жұлдыздардың» әрқайсысын өз тойларына бір пәтердің бағасына жалдап жүр. Сондағы айтатындары 3-4 ән ғана. Әр әні 3 мың доллар, яғни, миллион теңге. Сонда не ұттық? Оның үстіне «жұлдыздар» қатысқан мұндай той сотқасын ұстап әншінің сонынан жүгірген тойшылардың фотосессиясына айналады. Құда да, қонақ та жайында қалады. Бас құда — сол әнші! Бұл не? «Ешкі көрсе қуалап жүріп өлтіретін» қала қазағының менталитеті ме?

— Сазгер қандай болуы керек?

— Сазгердің атак-даңқ кумағаны жөн. Ән оның ішкі толғанысының әуен түрінде құйылған иірімі ғана. «Сұмдық ән жаздым» деп тыңдағысы келмейтін тыңдарманға әндерін тықпыштап жүретін сазгерлер болады. Әннің қандай болмағы алғашқы ноталарынан-ақ белгілі

менен «қанша әніңіз бар?» деп сұрайды. Мен ел ішінде айтылып жүрген әндерімді ғана есепке алып, сонша әнім бар деп жауап беремін.

— Журналистикаға жастарды дайындап жүрген маман ретінде мына сұраққа жауап беріңізші. Жалпы бүгінде елімізде журналистика саласында жастарды арнайы университетте оқытудың қажеті жоқ деген пікір айтылып жүр. Бұған қалай қарайсыз?

— Мұндай пікірді шығарып жүргендер — телеарналардан түспейтін өнер адамдары. Олар егер жоғарыдан «бүгіннен бастап әркім өзінің базалық білімімен ғана жұмыс істесін» деген пәрмен түссе, журналистер жұмысымызды тартып алып, жұмыссыз қаламыз ба деп қорқады. Қайран көрермен... сол телеарналарда жылтырып отырғандардың әртістер екенін, олар екі сөздің басын құрай алмайтын болғандықтан, журналистер дайындап берген мәтіндерді суфлерлерден ежіктеп оқып отыратынын білмейді-ау деп ойлайсың кейде. Журналистиканың синкретті, көп

салалы ғылым болғаны қай заман. Оны университеттерде төрт жылда оқытып тауыса алмайсың. Ал бұлар екі айлық курстармен маман журналист дайындағысы келеді. Парадокс!

— Соңғы кезде не жазып жүрсіз?

— Жақында әлеуметтік желілердегі жазған-сызғандарымызды жиып, «Сөз айттым, құлақ ассаң...» деген кітапты баспаға бердім, шығып қалар. Енді «Медиа меридианы» деген әлгіндей журналистиканың қыр-сырын тани алмай жүргендерге арналған арнайы құрал жазуды бастадым. Керей жылы шығып қалар деген үміттемін.

— Ел ішінде өнер адамы болу үшін Алматыда тұру керек деген бір қағида бар. Түркістанда жүріп таланттыңызда таныта алмай жүрген жоқсыз ба?

— «Өнер — өріс тандамайды» деген тәміл бар. Жұрт сияқты «Алматы, Астана» деп арман кумай, ауылда — туған жерімізде қарапайым тірлік кешіп жатырмыз. Дегенмен, үлкен қалалардағыдай емес, мұнда сені ешкім елемейді екен. Алматы мен Астанада — басқаша. Мәдениеттің тұтқасын ұстап отырғандардың өздері айтулы даталарды жоспарға енгізіп, сенімен байланысып, әйтеуір атаусыз қалдырмауға тырысады. Содан ба, ондағы өнер адамдарының шабыты ерек. Көңіл бөлініп жатқан соң, тіршілік жасауға асығады. Кейде «ауыл елемеді ғой, үлкен ауыл қалай екен?» деп Алматы жаққа көз тіккен, онда да ат төбеліндей белгілі бір топтың өнер тізгінін мықтап ұстап отырғанын байқайсың. Сахна да, телеарна да солардың шылбырында. Барғаныңмен бос әурешілік, олардың «худ-советі» тек таныстарына ғана жұмыс істейтін сияқты.

— Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеніз?

— Мендегі жоспар Алланың

қалауымен болады. Ойда көп нәрсе бар, тек уақыт керек.

— Әндеріңіз әлемнің көптеген тілдеріне аударылып орындалып жүр. Авторлық құқық немесе қаламақы талап етпейсіз бе?

— Ән сату — өнерді сатумен бірдей деп ойлаймын. Байқайсыз ба, ән бизнеске айналған жөні түзу ән туудан қалды. Өйткені әнге тапсырыс берген әнші оның ұлттық болмысынан гөрі ырғақтылығына, биге ыңғайлылығына, шығыстық иіріміне ғана көңіл бөледі. Ал мен әннің ұлттық нақышын бірінші кезекке қоятын адаммын. «Бесік», «Текемет», «Аман жүрші, ауылдың адамдары» «Шашбаулым», «Әкем-Анам» сияқты әндер сол мүддеден туған. Қазір шоу-бизнесі (дұрысы, той-бизнесі) желеу етіп байып жатқан әншісімақтар көп. Ал оларға ақша жылдам келу үшін иық жұлып жер мағынасыз әндер тиімді. Осы кезге дейін ән сатқан да, әншілерді қуалап ән берген де адам емеспін. Өздері қалап алып жатса тегін бере салғанды жөн көремін. Авторлық құқық қоғамына мүшесімін. Бірақ, жоғарыда айттым ғой, әншілер әр әнін миллион теңгеге пұлдайтын болса, сол теңгерді жазған біздеріңіздің үлесімізге тиетіні — жоқ әнші айтуын өз әнімізді ақы төлеп өндеп беру, клип түсіріп беру, сахнадан шығу үшін продюсерлермен сөйлесіп, қаламақысын төлеп отыру... Ал авторлар қоғамының бір әніміздің орындалғаны үшін беретін қаламақысы — 200 теңге ғана.

— Әлеуметтік желі, ғаламтор шыққалы елдегі газет-журнал, кітап оқу ісі кенжелеп келеді? Болашақ журналистерді дайындап жүрген маман ретінде газет, журнал, кітап болашағын қалай бағалайсыз?

— Жастардың кітап оқымайтыны рас. Кезінде Абай атамыз: «Барлық білім — кітапта» деген еді, қазіргі жастар «барлық білім — интернетте» дейтін сияқты. Фейсбук, ВК, Инстаграмм дегендер кітап оқуға жұмсалатын алтын уақытты қисапсыз жеп жатыр. Жылтырақ экраннан көзі домбығуып іскен жастар кітап оқымағұн, басы мен-зең болып, үй шаруасына да зауқы жоқ. Бұл таяу арада экология, нашакорлық, лаңкестік сияқты жаһандық қауіптермен қатар айтылар проблемаға айналуы әбден мүмкін.

— Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Қайрат ЗАЙНЫШЕВ
Кентау қаласы

Жер жәннаты Жетісудың жазиралы Жаркент қаласы Алтығұй ауылының ауыл-аймаққа абыройлы, ағайынға қадірлі тұрғыны, құрметті құдағиымыз Бишан Ілиясқызы Айнақұлова жемісті Жетпіс жасқа толып отыр. Бишан Ілиясқызы 1950 жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызында, Алматы облысы Жаркент қаласы, Алтығұй ауылында дүниеге келген. Өмір жолында өмірлеріңіз кездестіріп, 1967 жылы 25-шілдеде Сәдуақас Айнақұлов Бекбосынғұлымен отбасын құрды.

Құтты болсын жемісті Жетпісіңіз!

Бишан Ілиясқызы 30 жыл халыққа сауда саласында қызмет етті. Зейнетке шыққан соң да, қарап жатқан жоқ. Нәсібін кәсібінен тауып, жеке кәсіппен айналысуда. 1999 жылы ері Сәдуақас мезгілсіз дүниеден озды.

Бишан апайымыз қазіргі таңда бес баланың анасы. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, 20 немере, 12 шөберенің әжесі.

Біз құрметті құдағиымыз Бишан Ілиясқызын Жетпіс жасқа толған мерейтойымен

шын жүректен құттықтаймыз!

Төл Мерекеңіз мол Берекеңізге айналсын! Шаңырағыңыз шапағатқа бөлене берсін! Көңіліңіз келісті, өміріңіз жемісті де, жеңісті бола берсін! Осылай күрең күздің күніндей шуақты, әрдайым қуатты бола беріңіз! Немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің күлкисін қызықтап жүре беріңіз.

Алла жар болып, Жұлдызыңыз жарқырай берсін!



Құтты болсын жемісті Жетпісіңіз!

**Еңбекпен, өнегемен өтті ісіңіз.
Жүресіз шұғылалы шуақ шашып,
Жақсылыққа арналды көп күшіңіз!**

**Мерейлі бұл мереке бізге ерек күн,
Ізгілікті әрдайым іздеп өттің.
Шаттыққа бөлеп Алла шаңырақты,
Жүзіңіз жарқын күйде Жүзге жеткің!**

**Ізгі ниетпен, құдаларыңыздың атынан
Қазыбек-Жәннат**

БҮТІНГІНІҢ БАУЫРЖАНЫ

Ел алғысына бөленген ел ағасы

Еліміздің әскери полициясында мемлекеттік тілдің қолданылуы мен ұлттық-патриоттық, рухани бағыттағы жұмыстарды жолға қойған Бауыржан Лекеровтың еңбегін Қорғаныс министрі де жоғары бағалады

Әскери және құқықтық тәртіп – еліміздің қарулы күштерінің жауынгерлік әзірлігін қолдаудың негізі. Еліміз бойынша әскери ортада құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, гарнизондарды патрульдеу, қылмыстардың жолын кесу күні бүгінге дейін дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полиция бас басқармасы бастығы қызметін атқарған тәжірибелі офицер, полковник Бауыржан Сағатжанұлы Лекеровтың басшылығымен жүзеге асып келді.

Қарулы күштердегі тәртіптің мығым болуы жолында еселі еңбек еткен полковник Бауыржан Лекеров 1965 жылы 20 тамызда Алматы облысы Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылында қарапайым отбасында дүниеге есігін ашты. Асқар тау өкесі Сағатжан Әбдібекұлы сол ауылда ұзақ жыл мал дәрігері қызметін атқарып, еліміздің мал шаруашылығы саласының қарқынды дамуына өзінің зор үлесін қосты. Ал анасы Гүлжан Жүнісбекқызы саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеу ісіне арнаған ұлағатты ұстаз. Бүгінде білікті маманнан дәріс алған шәкірттері еліміздің түрлі саласында жемісті еңбек етіп жүр.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші көпбалалы отбасында өсіп өнген Бауыржан Лекеров кішкентайынан-ақ бауырмалдық қасиетті бойына сіңіріп, үлкенге де кішіге де қамқор болуды өзінің азаматтық борышы санады.

Отбасындағы төрт ұл төрт қыздың ортаншысы Бауыржан Сағатжанұлы бала кезінен Алатаудың асқар тауларына көз тігіп, өр мінезді азамат болуды көздеді. Сол бір ананың ақ сүтімен, әкенің қанымен бойға сіңген өжеттік тәртіп пен талапшылдықты ту еткен тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал етті.

Бауыржан Сағатжанұлының 1990 жылы аяулы жары Лаура Жұматайқызымен көтерген шаңырағы бұқ қонған берекелі отбасыға айналды. Бүгінде өмірлік серігімен бірге Дәурен, Жанар атты үлкен тәрбиелеп өсірген асыл жар, ардақты әке Бауыржан Лекеров тізгінін ұстаған шаңырақтың өнегелі өмірі жас отбасыларға үлгі екенін айтуға тиіспіз.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел ел болмайды» деп даңқты қолбасы Бауыржан Момышұлы айтпақшы, батыр бабасының атын иеленген Бауыр-



жан Сағатжанұлының өмірлік ұстанымы – қатаң тәртіпті өмірлік қағида етіп ұстана отырып, өр рухты азамат ретінде қалыптасып, ел дамуына зор үлес қоса берді. Осынау мақсатты алға қойған ол 1983 жылы Кеңес Одағы Қарулы күштерінің сапында жүріп, Германияда әскери борышын абыроймен өтеп келді.

Өзінің өнегелі өмірін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қарқынды дамуына арнаған атпал азамат осы салада халқына қалтқысыз қызмет етті. 2017 жылдың қазан айынан бастап осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полиция бас басқармасы бастығы қызметін атқарған ол сала барысында жүйелі жұмыстардың жүзеге асуына мұрындық болды. Бір сөзбен айтқанда батыр Баукең ізімен заман талабына сай жүріп келе жатқан бүгінгінің Бауыржаны деп Бауыржан Сағатжанұлын айтсақ артық емес.

Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Нұрлан Ермекебаев: «Басқа күштік ведомстволардан айырмашылығы, Қарулы Күштерде өзіндік қауіпсіздік қызметі жоқ, бірақ Қарулы Күштер басқа мемлекеттік орган сияқты бірқатар бақылаушы және қадағалаушы құрылымдардың жіті назарында. Бұл әскери қызметшілер қатарының тәртіп бұзбауына жоғары талаптар қояды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар нәтижесінде

2015-2019 жылдар аралығында Қарулы Күштердегі сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстар саны төрт есеге дейін азайды», – деп Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі атқарылған істерге өзінің оң бағасын берді.

Бұл әлбетте осынау жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полиция бас басқармасы бастығы қызметін атқарған Бауыржан Лекеровтың ерен еңбегінің жемісі екендігін атап өтуге тиіспіз.

Темірдей тәртіп пен турашылдықты ту еткен тұлға Бауыржан Сағатжанұлы бүгінде еңселі елу бесті еңсеріп, сан жылдар бойы атқарған бейнетінің зейнетін көруге бет алды. Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекебаев әскери ортада құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жолында ауқымды істердің атқарылуына ұйтқы болған, зейнеткерлікке шыққан полковник Бауыржан Лекеровке алғысын білдіріп, деніне саулық, отбасына амандық тіледі.

Батаның үлкені – «елдің аман, жұрттың тыныш» болғанын тілеу десек, осы жолда кірпік қақпай, елдің қауіпсіздігі үшін, егемен елдің жарқын болашағы үшін халыққа адал қызмет атқарып жүрген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әскери полициясының еңбегінің ерекше екенін атап өту ләзім.

Бауыржан Лекеров әскери полицияда мемлекеттік тілдің қолданылуына үлкен еңбек сіңірді. Ұлттық-патриоттық, рухани бағыттағы жұмыстарды жолға қойды.

Бауыржан қашан да халық арасында жүреді. Аралас ағайындары мен достары арасында да абыройлы. Қолынан келген көмегін аяған емес.

Ақын досы Қазыбек Иса:

Ел жақсысын Бауыржан деп атапты,

Ерге сендей Лаура аруды атапты..

Бауыржандай полковник болсаң да,

Біздер, бердік генералдай атақты! – деп

айтқандай, біздің Баукең де ел алғысына бөленген ер.

Осынау жұрт алдындағы жауапты жұмысты асқан жауапкершілікпен атқарып, ел алғысына бөленген Ел ағасы Бауыржан Лекеровті 55-ке толған қуанышты күнімен құттықтап, зор денсаулық пен толағай табыстар тілейміз!

Отбасының саялы бәйтерегі болып, асыл жары Лаура Жұматайқызымен бірге немере-шөберелердің қызығына тоймай, ақ баталы ақсақал биігіне жете берсін демекпіз!

Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –

Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпал АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күллік №13976-Г (Алғашқы күллік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рландырмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуды шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген